



• СҰХБАТ

ЗАН

ZANMEDIA.KZ

✉ zangazet@mail.ru

№89 (3718)
19 қараша 2024



газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ



ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТТЫҢ ҚҰЗЫРЕТІН КЕҢЕЙІТУ КЕЗЕК КҮТТІРМЕЙДІ

Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиев бейнеконференц байланыс арқылы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Экономикалық Соты (ТМД ЭС) пленумының жұмысына қатысты. Іс-шараға сондай-ақ Қазақстан Республикасынан ТМД экономикалық соты судьялары Асқар Смайылов пен Нұрлан Сұлтанов қатысты.

Пленумда жиналғандар инвестициялық даулар бойынша Экономикалық соттың құзыретін кеңейту мәселесін талқыла-

ды. ТМД Экономикалық сотының төрағасы Андрей Плотников осы соттың қызметіне белсенді және жемісті қатысқаны үшін Асқар Смайыловты Құрмет грамотасымен марапаттады.

Сондай-ақ ТМД Бас хатшысының бірінші орынбасары Леонид Анфимов Құрмет грамотасымен, ал Эвелина Нагорная «ТМД Экономикалық сотының Құрметті қызметкері» атағымен марапатталды.

Жоғарғы Соттың баспасөз қызметі

Бауыржан ОРЫНТАЕВ,
Шымкент қаласының мәдениет,
тілдерді дамыту және архивтер
басқармасының бастығы:

«ШЫМКЕНТ – РУХАНИЯТ НАСИХАТШЫСЫ, МӘДЕНИЕТ ӨЗЕГІ»

– Бауыржан Орынбасарұлы, сұхбатымызды Шымкенттегі тарихи, мәдени мұраларды сақтаудан бастасақ?

– Бүгінде Шымкент қаласы бойынша 181 тарихи-мәдени мұра нысандары бар. Оның 123-і монументті өнер құрылыстары болса, 58-і археологиялық, сәулеттік мәдени мұра нысандары. Аталған нысандардың жетеуі республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізілсе, сегізі жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімінде тұр. Оларды құту, сақтау басты назарымызда.

– Мәдениет ұйымдары мен онда қызмет жасайтын мамандардың саны қанша?

– Қазіргі таңда басқармаға қарасты 22 мәдениет ұйымы қала тұрғындары мен қонақтары үшін қызмет көрсетуде. Оның ішінде 7 театр, 6 кітапхана және концерттік-көрме орталығы, «Шымкент концерт» концерттік ұйымы (филармония), Шымкент циркі, мемлекеттік архив, Шымкент қалалық музейлер бірлестігі, салт-дәстүр орталығы, тіл орталығы, мәдени іс-шараларды ұйымдастыру дирекциясы мен зоологиялық саябақ бар. Ондағы штат саны – 2411.

– 2024 жылғы бюджет қаржысының игерілуі туралы да мағлұмат бере кетсеңіз?

– 2024 жылға жоспарланған жалпы қаржы көлемі 13 586572,0 мың теңгені құрайды. 10 айдағы кассалық шығыстар 9 841 424,2 мың теңге болды. Оның 5 431 263,3 мыңы жалақы қорына және салық төлемдеріне; 272 014,4 мыңы коммуналдық шығыстарға; 217528,7 мыңы мекемелерді күтіп ұстау және басқа да шығындарға; 136 698,6 мыңы театр қойылымдары мен мәдени көпшілік іс-шаралар өткізуге; 2 695 460,1 мыңы жан басына шаққанда балалар мен жасөспірімдер үйірмелерін қаржыландыруға; 261 586,8 мыңы ғимараттарды күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарына; 390 168,2 мыңы мекемелерді материалдық-техникалық жабдықтауға және негізгі құралдар мен тауарлар сатып алуға; 390 856,1 мыңы өзге де шығындарға жұмсалды.

– Шымкент қаласында оқырман белсенділігін арттыру бағытында қандай шаралар жүзеге асырылып жатыр?

(Соңы 5-бетте)

• КӨКЕЙКЕСТІ

ЖЕРГІЛІКТІ ӘКІМДЕРДІ ҚОЛДАУ КЕРЕК

Алматыда «Қазақстан Республикасының жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың III тұжырымдамасы үшін азаматтық қоғамның ұсынымдары» деп аталатын конференция өтті. Онда мемлекеттік қызметкерлер, азаматтық қоғам мен ҰЕҰ өкілдері және белсенділер Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың III тұжырымдамасына арналған кеңестерді талқылады. Оларды USAID-тың қолдауымен жүзеге асырылатын «Бірлескен басқару – ортақ жауапкершілік» жобасының іске асырушысы «Десанта» қоғамдық қорының сарапшылары әзірлеген болатын.

Қордың бас директоры Сергей Гуляевтың айтуынша, USAID-тың жобасы азаматтық қоғамның өзін-өзі басқаруға қатысуы және жергілікті мәселелерді шешуді көздеп отыр. «Бұл жоба көп көңіл бөлуді талап етеді. Біздің екі негізгі бағытымыз бар. Біреуі – азаматтық қоғамға және жергілікті қоғамдастықтарға қатысты. Мысалы, биыл ауылдық округтермен және ондағы ҰЕҰ-лармен ғана емес, жергілікті ауылдық қоғамдастықтармен де жұмыс істедік. Екінші бағыт – жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқарудың сапасын арттыру. Біз биыл Павлодар, Батыс Қазақстан,

Жетісу және Ұлытау облыстарында жұмыс жасадық. Бұл жоба 2027 жылдың қыркүйегіне дейін жалғасады», – деді ол.

Жалпы 4 жылға есептелген бұл жоба үкімет, азаматтық қоғам, академиялық орта мен жекеменшік сектордың күшін біріктіре отырып, саладағы бастамаларды жергілікті деңгейде іске асыруды көздейді. Енді жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың III тұжырымдамасы бойынша ұсынымдарды талқылау қорытындысына сай Ұлттық экономика министрлігі шешім қабылдайтын болады. Өйткені мемлекеттік органдар реформалар-

дың драйвері болса да, жауапкершілік тек оларға ғана емес, азаматтық қоғам мен жекеменшік секторға да жүктеледі.

– Ең күрделі сұрақтарды шешуге бағытталған кеңестерді әзірледік. Оларға ауылдық округтерде жергілікті өкілді орган ұйымдастыру, функцияларды мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару деп екіге бөлу, депутаттардың өкілеттіктері мен олардың өкілдіктерін күшейту, ауыл тұрғындары мен жергілікті өзін-өзі басқару органы арасындағы тығыз байланысты орнату жатады. Тағы бір қарастыратын жайт – «жергілікті меншік» («муниципалдық меншік») деген ұғымды енгізу. Бұған дейін жұртшылық тек жалпыұлттық (жер, жер қойнауы), мемлекеттік және жекеменшік ұғымдармен ғана таныс болатын, – дейді Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту институтының директоры Сергей Худяков.

Сарапшының пайымдауынша, қазір билік басқарады, ал халық басқаруға белсене араласпай, сын айтады. Жергілікті өзін-өзі басқару бұл мәселенің көзін құртып, тұрғындарға бар сұрақтарды

жергілікті деңгейде шешуге мүмкіндік береді. Әрине, бұл үрдіске азаматтарды тарту оңайға соқпайды. Алайда тұрғындардың белсенді қатысуы елдің экономикалық өсуін қамтамасыз етеді. Әлемдік тәжірибені қолданудың арқасында Қазақстан өзін-өзі басқаруды құрастырудағы кейбір сатылардан жоғары жылдамдықпен өте алады.

Төртінші деңгейлі бюджет

Ұлттық экономика министрлігінің Өңірлерді талдау және жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту департаменті директорының орынбасары Миржан Иманбаевтың айтуынша, қазіргі кезде жергілікті өзін-өзі басқаруға елімізде ерекше назар аударылып отыр. Оған Мемлекет басшысы да ықпал етті. Сондықтан Төртінші деңгейдегі бюджетті енгізуге дайындық жұмыстарында бірінші ауылдық жердегі салық салынатын база анықталып, коммуналдық меншікті түгендеу жүргізілді.

(Соңы 2-бетте)

• КӨКЕЙКЕСТІ

ЖЕРГІЛІКТІ ӘКІМДЕРДІ ҚОЛДАУ КЕРЕК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Өйткені, оны енгізу барысында ақпараттық базалардың проблемалары анықталды. Біздегі бірнеше құзыретті орган автокөлік, жер учаскелері мен мүлік бойынша деректер қорын жеке-жеке жүргізді. Алайда, олардың арасында интеграция болған жоқ. Интеграциялаудан кейін 2-3 миллиондай дерек өзектендірілді. Адами фактордан жіберілген қателіктерден бір жерде жеке сәйкестендіру нөмірі, бір жерде кадастр нөмірі дұрыс болмады. Сонымен бірге жеке тұлғалардың мүлкіне қатысты деректер де цифрландырылды. Ауылдық елді мекендерде адамдар өз үйлерін, гараж, саяжайларын рәсімдеген. Оның барлығы салық салынатын нысандар. Олар жергілікті округтерге түсу керек еді. Тіркеу кезінде 82 мыңдай мүлік нысанының тіркелуі қамтамасыз етілді. Төртінші бюджетті енгізудің бірінші жылында 30 мыңдай коммуналдық меншік ауылдық округтерге берілді.

«Бюджеттің өзіне тоқталатын болсақ, біз оны 2020 жылы енгіздік. Бүгінгі таңда салықтың 8 түрі және 17 түрлі салықтық емес түсімдер бар. Былтыр ауылдық округтердің бюджеті 308 млрд-ты құрады. Олардың өздерінің бюджеті 68 млрд ғана. Бұл 21,2 пайыз. Қазіргі кезде ауылдық округтердің

бюджеті тек өзінің бестен бір бөлігін ғана қамтамасыз етіп отыр. 2024 жылғы жоспарда түсімдер көптеу болады деп отырмыз. Жеке табыс салығы түсімдері бойынша үлкен нәтижелерге қолжеткізілді. Жеке табыс салығын есептеуге жарияланған мораторий 2023 жылы аяқталған. Қазіргі кезде жеке табыс салығы 4 есеге өскенін көріп отырмыз», – дейді М.Иманбаев.

Әкімнің портреті ауылдық округтерде өзгерді

Қолданыстағы жергілікті өзін-өзі басқару тұжырымдамасының мерзімі 2025 жылы аяқталады. Қазіргі кезде 2045 ауыл округінің 97 пайызы тікелей сайлау құқығын пайдаланып, әкімді сайлады. Былтыр аудан әкімдерін сайлау пилоттық режимде өткізілді. Оған 45 әкімшілік аумақтық бірлік қатысты.

Ұлттық экономика министрлігінің Өңірлерді талдау және жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту департаменті директорының орынбасары Миржан Байдосұлының сөзіне қарағанда, қазір әкімнің портреті ауылдық округтерде өзгерді. Сайланған әкімдердің жартысы бұған дейін жергілікті басқару органында жұмыс істемеген. Ауылдық округ әкімдердің орташа жасы 7 жасқа жасарды. Ал сайланған 45 әкімнің еке-

уі мемлекеттік емес сектордан, екеуі мәслихаттан келді. Қалғандары жұмыс істеп жатқан әкімдер мен олардың орынбасарлары. Келесі жылдан бастап сайлаулар барлық жерде өткізіледі. Бос орын анықталса немесе ротация уақыты келсе, бұл позицияға сайлау жарияланады.

Мәслихатқа деген қарым-қатынасты өзгерттік. Көлікке салынатын салық және жеке тұлғалардың жеріне салынатын салық бойынша түзетулер енгізуіміз керек. Өйткені, бұл салықтар бойынша төлемдер мөлшері 30 жылдан бері өзгерген жоқ. Олар өте аз деп айтуға болады. Жылжымайтын мүліктің бағасын анықтау әдістемесі де өзгерген жоқ», – деген Миржан Байдосұлы заңнаманы жетілдіру арқылы жергілікті әкімдерге қолдау ұлғаятынына сенімді. Атап айтқанда, арнайы техниканы сатып алу үшін жағдай жасалады. Сонымен қатар материалдық техникалық қамтамасыз ету де міндетті түрде қайта қарастырылмақ.

Жалпы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңы 2001 жылғы 23 қаңтарда қабылданған болатын. Ол Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді. Сонымен қатар жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыретін, қызметінің ұйымдастырылуын, тәртібін, сондай-ақ мәслихат депутаттарының құқықтық жағдайын белгілейді. Оған қазірге дейін 144 рет өзгерістер мен түзетулер енгізілген екен.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»



Қанат НҰРЫМБЕТОВ,
Алматы облыстық атқарушылық округінің жеке сот орындаушысы

қаржыландырады. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 118-бабына сәйкес, олардың қызметіне ақы төлеу борышкердің қаражаты есебінен жүргізіледі және істердің санатына, өндіріп алу сомасына байланысты бұл ақы 3-тен 25%-ға дейінгі мөлшерді құрайтынын ескергеніміз жөн.

• ОҢ КАДАМ

ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАР ҚОҒАМҒА ҚАЖЕТ ЕКЕНІН ДӘЛЕЛДЕДІ

Жеке сот орындаушылар сот актілерін дер кезінде, сапалы орындауға айтарлықтай үлесін қосып келеді. Бүгінде бұл институт өзінің қоғамға қажет екенін, көпшілікке керектігін толық дәлелдеді.

Жеке сот орындаушының жауаптылығы жоғары. Сот актілерінің мінсіз орындалуына қарап тек жеке сот орындаушылар жұмысына ғана емес, сонымен бірге, сот жұмысына, мемлеттегі әділдікке баға беріледі. Осындай үлкен міндет арқалаған жеке сот орындаушылар өз өндірісіне түскен сот актісін талапқа сай орындату үшін заң шеңберінде әрекет етеді. Егер берешегі барлар өз міндеттемесін дер кезінде орындамаған жағдайда шоттарына, борышкердің мүлкіне тыйым салып, табысының бір бөлігін ұстап қалуға толық құқығы бар.

Жеке сот орындаушылар өз қызметін атқару кезінде әдептен аттамауы, заң шеңберінен шықпауы маңызды.

Мәселен, борышкер қанша жерден берешегін қайтарудан жалтарса да, оған қысым жасауға, дөрекі түрде сөйлесуге, борышкерлерге физикалық күш қолдануға, қорқытуға, ар-намыс пен қадір-қасиетін қорлауға жол бермеуі керек. Сонымен бірге жеке сот орындаушылар коммерциялық немесе заңмен қорғалатын, өзге де құпияны құрайтын және оның қызметі нәтижесінде белгілі болған мәліметтерді жария етпеуі шарт. Өзінің лауазымын пайдаланып, борышкерлерге қысым көрсету – заңға қайшы. Айталық борышкердің ағымдағы шоттарында берешекті өндіріп алу кезінде ең төмен күнкөріс деңгейінен кем емес сома міндетті түрде қалуға тиіс. Жеке сот орындаушысы өзін-өзі

• ИНДЕТ

ЖЕМҚОРЛЫҚ «КОРОНАВИРУС» ІСПЕТТЕС

С ы б а й л а с жемқорлық – бұл адамның көздеген мақсатына оңай әрі тез жету үшін, «Ауырдың астымен, жеңілдің үстімен» жүріп, оңай жолды таңдау арқылы Қазақстан Республикасының бекітілген заңын бұзып, ақша ұсынуы және оны өз еркімен қабыл алуы.



Сыбайлас жемқорлық сөзінің өзі сындыру, құрту, бүлдіру деген мағынаны білдіреді. Бұл бізге сыбайлас жемқорлық кез келген елді құртып, халықтың арасына іріткі салып, келешегіміздің бұлыңғыр болатынын түсіндіреді. Жемқорлық «Коронавирус» іспеттес. Коронавирус секілді әлемнің түкпір-түкпірін жайлап алып, қоғаммен өсіп, дамуда. Жемқорлықтың осылай белең алуы қазіргі таңдағы басты мәселеге айналды.

Қазақстанда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң бар. Егер Қазақстан азаматы пара беру барысында ұсталса, жоғарыда аталған заң бойынша ауыр жазаға тартылады. Алайда, бұған қарамастан қаншама адам жемқорлықтың өсуіне өз үлесін қосуда.

Қазіргі таңда адамдардың түп санасында бұл заманды ақша билейді деген қағида қалыптасып кеткен. Бұл түсініктің алдын алу үшін ең алдымен

әр жеке тұлға санасын, бұл мәселеге деген көзқарасын өзгертуі қажет.

Біріншіден, адам саналы түрде пара сұрауды тоқтатуы қажет, тіпті ұсынған жағдайда қажетті органдарға дереу ескертуі тиіс. Осылайша, сол адамдар өз жазасын алады. Егер осылай жасасақ пара ұсынушы және оны қабыл алған адамдардың бойына қорқыныш ұялайды, әрі пара беремін деген ой екінші рет туындамайды. Ең бастысы, олар бұл жағдайдан сабақ алары сөзсіз.

Екіншіден, тәрбие мен мәдениеттілікке тікелей қатысы бар. Өскелең ұрпақтың бойына адамгершілік қасиетін, сыбайлас жемқорлық біздің қоғамда өмір сүріп жатқан «құбыжық» екенін түсіндіру керек.

Қорытындылай келе, әр адам өз-өзімен жұмыс жасау керек, тек бас пайданың қамын емес, елдің келешегін ойлау қажет. Саналы ұрпақты тәрбиелеп, олардың бойына адал қызмет ету, заңсыз жолмен келген ақшамен шалқып өмір сүру бақыт емес, керісінше, болашағы жарқын елде өмір сүру үлкен бір бақыт екенін түсіндіруі қажет.

Д.КАЮМОВА,
Түркістан облысы әмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

• ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

ЖАНҰЯДАҒЫ ЖАРАСЫМДЫЛЫҚ – ТӘРТІП ПЕН ТӘРБИЕНІҢ ӨЗЕГІ

Отбасылық құндылықтарды сақтаудың, туыстар арасындағы сыйластыққа сына түсіреудің маңызы айрықша. Жанұядағы жарасымдылық – мемлекеттегі татулықпен тыныштықтың, тәртіп пен тәрбиенің өзегі. Сондықтан да отбасындағы



зорлық-зомбылық мәселесі қоғамда жиі талқыға түсіп, әлім-жеттіктің жолын кесудің түрлі амалдары қарастырылып келеді. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты жазаның өзгеруіне де көпшілік пікірі тікелей әсер етіп отырғаны шындық.

Мысалы биылға дейін отбасындағы зорлық, жақынына зәбір көрсеткендер әрекеті Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексе шеңберінде шешімін тауып келді. Зорлық көрсеткендерге қатаң жаза тағайындамау ұстанымының орнығуына жақын адамдар арасындағы татулықты сақтау, отбасылық бюджетке салмақ салмау, шаңырақты шайқалтпау сияқты себептердің түрткі болғаны анық. Алайда, әлімжеттіктің үнемі қайталануы, жауаптылықтың аздығы, жазаның жеңілдігі отбасындағы қайғылы жағдайлардың көбеюіне теріс әсер етті. Отбасында түрлі қысым көрген, өмірден түңілген, өзіне қол жұмсаған, денсаулығына залал келген, зорлық-зомбылықтың құрбаны болған қыз-келіншектер қатарының артуы қылмыстың алдын алумен қатар, заңдарды қатаңдату қажеттігін алға шығарды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биыл қол қойған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы осы түйткілді шешу мақсатында енгізілгені белгілі. Заңдағы өзгерістердің нәтижесінде денсаулыққа жеңіл зиян келтіруге, ұрып-соғуға қатысты баптар Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстен алынып, Қылмыстық кодекске ауыстырылды. Осылайша енді жақынына күш көрсеткен, денсаулығына зиян келтіргендер әрекеті қылмыстық теріс қылық ретінде бағаланып, жазасы қатаңдады. Отбасылық құндылықты нығай-

ту, некені сақтау бағытында түрлі іс-шаралар қолға алынып, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты жауаптылық туралы үнемі ескертілгенмен, құқық бұзушылық айтарлықтай азая қойған жоқ. Жақынына зәбір көрсететіндер барлық жерде бар. Соның ішінде отбасы-тұрмыстық қатынастардағы адамдарға сыйламаушылық көрсетіп, былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту, үй тұрмысындағы заттарды бүлдіру және олардың тыныштығын бұзу әлі де жойылмай келеді. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-бабында отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттерге жауаптылық белгіленген. Соған сәйкес, жақындарын сыйламай, былапыт сөйлеп, қорлап тиіскен, кемсіткен, тыныштықты бұзғандарға ескерту жасау не бес тәулікке әкімшілік қамаққа алу жазасы белгіленеді. Бұл әрекетті бір жыл ішінде қайталап жасағандар он тәулікке әкімшілік қамаққа алынады.

Әрине, құқықтық, зайырлы мемлекетте әрбір азаматтың өзінің құқыққа қайшы әрекеті үшін жазасын алуы қалыпты жағдай. Дегенмен, жақынының жанын жаралаудан сақ болған жөн. Мұндайда бабаларымыз «Қалған көңіл – шыққан жан», «Көзі соқырға жолдас болсаң да, көңілі соқырға жолдас болма» деп дәл айтқан ғой.

Лаура НҰРМАҒАНБЕТОВА,
Ақтау қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьасы

• ПӘРМЕН

МАС КҮЙІНДЕ КӨЛІК ЖҮРГІЗУ – ҚЫЛМЫС

2020 жылы көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік айтарлықтай күшейтілді. Алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйінде көлік құралын бірінші рет басқарған жандарға әкімшілік жауапкершілік қарастырылып, көлік құралдарын басқару құқығынан жеті жыл мерзімге айыра отырып, он бес тәулік мерзімге қамауға алу көзделген.

Алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйінде көлік құралын қайталап басқарған жағдайда, адамды көлік құралын басқару құқығынан өмір бойына айыра отырып, бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Мысалы, полиция қызметкерлері Алматы қаласы Наурызбай ауданының тұрғынын мас күйінде жол-көлік оқиғасын жасау кезінде ұстаған. Бұл азамат бұрын да көлік құралын басқару құқығынан 6 айға айырылған. Оған 2024 жылдың қарашасында Наурызбай аудандық сотының үкімімен өмір бойына көлік құралын басқару құқығынан айыра отырып, 1 жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

Тергеу барысында анықталғандай, Б. есімді азамат көлік құралын басқару құқығынан айырылғанын біле тұра, алкогольдік масаң күйінде рөлге отырып, айналасына қатер төндірген. Судья алғашқы жазадан тиісті қорытынды шығармаған сотталушыны кінәлі деп танып, оны өмір бойына көлік құралын басқару құқығынан айыра отырып, нақты бас бостандығынан айыру жазасына кесті. Айыпты азамат сот залында қамауға алынып, кейін жазасын өтейтін жерге жіберілді.

Жол-көлік оқиғалары көбіне осылай рөлге мас күйде отыру салдарынан болады. Осы себептен Алматы қаласы Наурызбай ауданы прокуратурасы тұрғындарға мас күйінде көлік жүргізбеуді ескертеді. Бұл өз өміріңізбен қатар, өзгенің де өміріне қауіпті. Естеріңізде болсын, мас күйінде көлік жүргізуші – әлеуеттік қылмыскер.

Олжас ДАЛИЕВ,
Наурызбай ауданының бөлім прокуроры
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

• ӨНІРДІ ДАМУ

Халықтың әл-ауқатын арттыру мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Өйткені, елдің хал-ахуалын жақсартпай, экономикалық-әлеуметтік биік межелерді бағындыру, басқа да маңызды салаларды алға жылжыту мүмкін емес.



Бұл орайда Шымкент қаласында кейінгі жылдары халықтың тұрмыстық жағдайын жақсарту бағытында оң өзгерістер көптеп жасалып жатқанын тілге тиек еткен жөн. Әсіресе, көгілдір отынмен қамтамасыз етілген жұртшылықтың қатары жыл санап артып, бұрынғысынша отын-көмір жағып әлекке түспейтін күйге жеткеніне шүкіршілік етеді. Әлеуметтік маңызды жоба бойынша тиісті шаралардың дер уақытында қабылдануының нәтижесінде Шымкент қаласындағы шағын аудандарға да табиғи газ тартылып, халықтың игілігіне берілуде. Осы орайда қаладан шеткері әрі шалғай жатқан шағын ауылдарға да игілігі мол істердің жетіп жатқаны қуантады.

Мәселен, жақында ғана Шымкенттің Қаратау шағын ауданына қарасты 10 мыңнан астам тұрғыны бар Бозарық тұрғын алабына әлеуметтік арнайы жоба негізінде табиғи газ құбыры тартылып, халық

бір сәтте көгілдір отынға қол жеткізді. Мемлекеттік стратегиялық маңызы аса жоғары инфрақұрылымдық жобаның құрылысы бұл шағын ауданда басталған еді. Жергілікті билік органдары мен құзырлы тапсырушы мекемелердің жүйелі жұмысы мен мердігер компанияның істі бастан-аяқ жедел әрі сапалы жүргізуінің, жұмыстың күнделікті техникалық қадағалануының арқасында халқы тығыз орналасқан аудан тұрғындары қатты қуанды. Тұрғындардың көл-көсір қуанышын бөлісуге қала әкімі Ғабит Сыздықбеков те арнайы барып, газ берілу сәтінің куәсі болып қайтты.

Қала әкімі өз сөзінде мемлекеттік бағдарламалар мен түрлі әлеуметтік жобалар аясында жүзеге асырылып жатқан халықты табиғи газ құбырларымен қамтамасыз ету ісі еліміздің кез келген қалаларын дамыту, тұрғындардың әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын арттыруға аса зор үлесін қосатын

айтулы оқиға екенін атап өтті. Сондай-ақ бірінші кезекте табиғи газдың тартылуы қазіргі таңда аса өзекті болып отырған қоршаған орта және экологияны жақсартуға септігін тигізетін ауқымды әлеуметтік жоба болғандықтан, мемлекет тарапынан үлкен басымдық берілгенін атап өтті.

– Еліміздегі іргелі экономикалық әрі әлеуметтік маңызды жобаның сіздерге де жеткеніне шын жүректен қуаныштымын. Табиғи көгілдір отын экологиялық таза әрі шығын мөлшері төменірек болуымен халықтың әл-ауқатының артуына да үлкен ықпалын тигізбек. Міне қалың жұртшылық көптен күткен табиғи газ да сіздерге мемлекеттік әлеуметтік жобалар негізінде жетіп отыр. Дегенмен, көгілдір отынды пайдалануда қарапайым қауіпсіздік ережелерін де естен шығармай, қатаң түрде сақталуы қажет. Баршаңызды осынау қуанышты сәтпен шын жүректен құттықтаймын, – деді қала әкімі Ғабит Сыздықбеков.

Еліміздегі табиғи газдандыру бағдарламалары арқасында қазіргі таңда шаһарда көгілдір отынды жеткізудің екінші кезеңі басталып, шамамен 700-ге жуық абонент табиғи газды үйіне қосып үлгерген. Жергілікті атқарушы органның мәліметінше жыл соңына дейін газдандырудың үшінші кезеңі жүзеге асырылып, қосымша тағы 700-ден астам тұрғын көгілдір отынның игілігін көрмек.

Қала әкімінің

сөзіне жүгінсек Шымқалада жыл соңына дейін газдандыру бағдарламасы шеңберінде Ынтымақ-2, Тассай, Қаратөбе шағын аудандарын табиғи газбен толықтай қамтамасыз ету мақсаты көзделіп отыр. Жоба бойынша жұмыс қазіргі уақытта қызу қарқынмен жүргізіліп жатыр. Атап өтер бір жайт, құбыр арқылы елді мекенге жеткізілген табиғи газдың тартылған желісінен үй ішіне жылдам қосу үшін тұрғындар «QazaqGaz Aımaq» акционерлік қоғамына өтініш жазып, құжаттарын тапсыруы қажет.

Осыған дейін шаһарда, 60 мыңнан астам тұрғыны бар Қайнарбұлақ шағын ауданында газ құбыры желісі іске қосылып, салтанатты шараға қала әкімі Ғабит Сыздықбеков қатысқан. Бұл шағын аудан халқы осыған дейін сұйытылған көгілдір отын қолданып келген еді. Тұтас шағын ауданға тартылған газ құбырының құрылысы 2022 жылы басталған. Әлеуметтік маңызы аса жоғары жоба болғандықтан шаһар әкімдігі мердігер компаниядан тиісті жобаның уақытынан кешіктірілмей дер кезінде пайдаланылуға берілу қажетті-

гін қадап тапсырған. Әрі сала мамандарына табиғи газ құбырын келісімшартта көрсетілген кестедегі мерзімді күтпей, ерте кезден бастап пайдалануға бере беру туралы нақты тапсырма жүктелген еді. Салтанатты шара барысында халық көптен күткен көгілдір отынмен шағын ауданның қаншалықты қамтылғаны аталды.

Қала әкімдігі ұсынған деректерге сенсек, бүгінге дейін елді мекендегі абоненттердің 60 пайыздан астамына газ құбыры тартылса, қалған 40 пайызына қарашаның соңына дейін толықтай қосылу жоспарланыпты. Қайнарбұлақтық тұрғындар да қазірдің өзінде табиғи газ құбырын үйлеріне тартып алуға өтініштерін бере бастаған.

Газдандырудың әлеуметтік жобалары шаһардың өзге де шағын аудандарында қызу қолға алынып, жүзеге асырылып жатыр. Жыл соңына дейін жоғарыда аталған елді мекендерден бөлек, Көктөбе шағын ауданындағы қалың жұртшылық та көгілдір отынның игілігін көрмек. Қала әкімдігінің мәліметінше мегаполистері іргелі шағын ауданның бірінде газбен қамта-

масыз ету шарасы осы жылдың мамырында басталған. Газ құбырын іске қосуға арналған салтанатты шараға қатысқан қала әкімі халық үшін едәуір қиындықтар туғызған күндердің арта қалып, көптен күткен көгілдір отынның жетуімен құттықтады. Бүгінге дейін шағын ауданның 62 абоненті газ құбырына қосылып үлгерген.

– Әлеуметтік газдандыру мемлекеттік жоба шеңберінде міне Көктөбе шағын ауданына да табиғи газ тартылып отыр. Әрбір елді мекеннің газдандырылуы экологиялық тұрақты орта құру және қолайлы жағдай жасау жолындағы маңызды қадам. Дегенмен, газды пайдалануда сақтық шараларын қатаң сақтау қажет. Келешекте мегаполис маңына топтастырылған шағын аудандар мен шалғайдағы ауылдардың барлығын да табиғи газбен толықтай қамтамасыз ету көзделіп отыр, – деді қала әкімі.

Бұл газдандыру жобаларының бәрі де мемлекеттік бюджеттің есебінен қаржыландырылып әлеуметтік маңызы аса жоғары жоба болғандықтан қаржының тиімді пайдаланылуы әрі уақытында халықтың игілігіне берілуі қатаң түрде бақылауға алынғанын атап өткен жөн. Жалпы, республика бойынша елді мекендерді табиғи газбен қамтамасыз ету жұмыстары соңғы жылдары қарқынды түрде жүзеге аса бастаған. Мәселен, тек биылғы жылдың қорытындысын негізге алсақ, еліміздегі газдандыру деңгейін 61,8 пайызға дейін жеткізу мақсаты қойылып отыр. Аталған мақсат орындалса, елімізде тағы да 369 мыңнан астам адам, яғни, 140 елді мекен көгілдір отынның игілігін көрмек.



• КӨШПЕЛІ СЕМИНАР

АНА МЕН БАЛАНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ БАСТЫ НАЗАРДА



Елдің ертеңі – болашақ ұрпақты дені сау, салауатты өмір салтымен өмір сүретін азамат етіп қалыптастыру бүгінгі күн тәртібінде тұрған түйінді мәселелердің бірі. Өйткені, тек денсаулығы мықты, көкірек көзі ояу белсенді азаматтар ғана елдің дамуына сүбелі үлесін қоса алады. Бұл орайда ана мен бала денсаулығына айрықша назар аударылуы қажеттігі сөзсіз.

Шырайлы Шымкент қаласында да денсаулық сақтау саласы жыл өткен сайын жақсарып, заманға сай медициналық қызмет көрсету барынша жанданып келеді. Дегенмен алдағы уақытта шешімін табуды көздейтін түйткілді шаруалар да бар. Шаһарда осы мәселелерді көтеруге бағытталған балаларға медициналық көмек көрсетуді жетілдіру жөніндегі республикалық көшпелі семинар-кеңес ұйымдастырылды.

ҚР Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, министрлікке қарасты Ана мен бала денсаулығын қорғау департаментінің директоры Мағрипа Ембергенова, Қазақстандағы ЮНИСЕФ және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы үйлестірушілері, өңірлік Денсаулық сақтау басқармаларының басшылары, бас штаттан тыс республикалық балалар дәрігерлері, БМСК және балалар стационарларының бас дәрігерлері қатысқан жиында

балалардың денсаулығын сақтау қызметіндегі шешуді қажет ететін ауқымды мәселелер мен алдағы уақытта іс жүзінде жүргізілетін жоспарлар мен жобалар кеңінен талқыға түсті. «Қазақстан Республикасындағы балаларға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыруды жетілдіру» тақырыбында өткізілген республикалық көшпелі семинар-кеңестің алғашқы күнінде ҚР Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова мен Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Қуаныш Асылыов онлайн түрде қатысып, ана мен бала денсаулығын нығайтудағы басым бағыттарды атап өтті. Денсаулық сақтау министрі өз сөзінде Шымкент қаласындағы бала саулығын жақсартудағы жұмыстардың нәтижесін оң бағалап, осыған дейін денсаулық сақтау саласында тығғылықты еңбектің арқасында қол жеткізген жетістіктерді ерекше атап өтті.

Жиын барысында шаһардағы ана

мен бала денсаулығын сақтауға қатысты ағымдағы жағдай, балаларға мамандандырылған медициналық көмек көрсету бағытында стандарттардың жүзеге асырылуы, мемлекеттік бағдарламалар жоспарланып күні бүгінге дейін шешімін таппаған өзекті мәселелер айтылып, оларды шешудің жолдары қарастырылды.

Мамандардың айтуынша күнделікті күн тәртібінен түспей келе жатқан медицина саласындағы өзекті мәселелерді шешу үшін бірінші кезекте республиканың барлық аймағында аса өзекті болып тұрған кадрлар тапшылығын төмендету, жоғары білікті әрі тәжірибелі мамандардың жетіспеушілігін болдырмас үшін медициналық мекемелердегі мамандарды үнемі білімін жетілдіру курстарында оқыту, өзара тәжірибе алмастыру сияқты жағдайлар туғызу қажет. Сондай-ақ балалар денсаулығын жақсартудағы күрделі мәселелерді шешу үшін білікті мамандарды көп елді мекендерде жетіспей жатқан педиатр, балалар хирургі сияқты дәрігерлерді тарту, балалардың денсаулығын күтуге қатысты семинарлар мен оқытуларды жүйелі түрде ұйымдастырып отыру, әсіресе шалғайда жатқан ауылдарда медициналық күрделі мәселелерді шешудің жолдарын табу, төтенше жағдайлар кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша тұрғындарға арнайы курстар ұйымдастыру сияқты пікірлер айтылды.

Бұл орайда ақпараттық және бейнематериалдардың қолжетімділігі, дәрігерлердің білім-біліктілігін жетілдіретін түрлі бағдарламалардың іс жүзінде қолға алынуы, ана мен баланың денсаулығын жақсартуды көздейтін мемлекеттік бағдарламалар мен жобалардың жүзеге асырылуын қадағалаудың қажеттігі аталды. Республикалық деңгейдегі мамандардың басы қосылған іргелі шарада, әсіресе, тәжірибелі дәрігерлердің шеберлік

кластарының жиірек ұйымдастырылуы бірінші кезекте салаға жанадан келген жас мамандарға ауадай қажет екендігі айтылып, бұл жобаның құзырлы мемлекеттік органның көмегімен жоспар бекітіліп, ұйымдастырылып тұру қажеттігі айтылды. Жоғары білікті мамандар айтқан талаптар мен ұсыныстары расында да денсаулық сақтау саласындағы күрмеуі қиын түйткілді мәселелердің шешілуіне оңтайлы мүм-

кіндік туғызатыны айтылды. Мамандар бұл орайда бірінші кезекте ана мен баланың, келешекте ел тізгінін ұстайтын балалардың денсаулығын жақсартуға баса мән беру ұлт саулығына оң ықпал ететінін атап өтті.



кіндік туғызатыны айтылды. Мамандар бұл орайда бірінші кезекте ана мен баланың, келешекте ел тізгінін ұстайтын балалардың денсаулығын жақсартуға баса мән беру ұлт саулығына оң ықпал ететінін атап өтті.

– Балалардың денсаулығы – ертеңіміздің ең бастысы еліміздегі ұлт болашағының кепілі. Осы бағыттағы жүргізіліп жатқан жүйелі шаралар мен кешенді бағдарламалар еліміздің әр қиырында, әсіресе, ауылды елді мекендерде медициналық көмек сапасын арттыруға және балалардың өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік бермек. Мемлекеттік әлеуметтік бағдарламаларға сәйкес еліміздегі әрбір бала сапалы әрі уақытылы медициналық көмек алу құқығына ие. Дегенмен, әлі де болса аталған бағыттағы шешімін таппаған, түйіні күрмелген күрделі мәселелер жетерлік. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстар үздіксіз әрі тұрақты

саладағы түйіні тарқатылмаған өзекті мәселелерді шешу перспективалары мен жолдары, әлемдік мықты тәжірибелерді шолуда баланың когнитивтік, моторлық, коммуникативтік немесе әлеуметтік-эмоционалдық дамуының кешігуі бойынша тәуекелдерді анықтау мақсатында бес жасқа дейінгі балалар арасында скрининг өткізу мәселелері жөнінде түрлі тұжырымды баяндамалар оқылды.

Жалпы, ұлт саулығы оның ішінде балалар денсаулығын нығайту, саладағы түйткілді мәселелерді шешу бағытында өткізілген семинар жиын алдағы болашаққа нақты жоба-жоспарлардың жүзеге асырылуын көздей отыр. Сондықтан бұл саладағы жұмыстар одан әрі де жалғаса бермек...

**Бетті дайындаған
Майра ҚУАНЫШҚЫЗЫ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ**

• ТҰЛҒА

КЕДЕН ҚҰҚЫҒЫ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Талай заңгердің тәлімгері болған Әлібеков Сайлаубек Тынышбекұлы бүгінде 70 жасқа толып отыр. Білімі терең, білігі мықты ғалымның өмір жолы көпке өнеге.



Сайлаубек Тынышбекұлы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген соң жұмысын криминалистика кафедрасына оқытушы-ассистент болып бастады. Осы тұста заң факультетінде еңбек еткен В.Попов, А.Агушевич, В.Розенцвайг, Е.Джакишев, Қ.Үргеншбаев, С.Сартаев, Ю.Басин секілді ғалымдардан Сайлаубек Тынышбекұлының үйренгені аз емес. Осындай айтулы ғалымдардың тәрбиесінен өткен ол 1980 жылдан бастап мемлекеттік қызметке кіріп, 10 жыл бойы заң жобаларымен, мемлекеттік нормативтік актілермен және құқықтық мәселелермен жұмыс істейді. Рас, С.Әлібековке ғылымды тастап кетуге тура келді, өйткені ол кезде мемлекеттік қызметкерлердің ғылыммен айналысуын мемлекет құптамады. Жаңа салада әріптесіміз көп ізденді. Сол кезде Сайлаубек Тынышбекұлы Қазақстан Үкіметі аппаратындағы 26 жастағы ең жас шенеунік болды. Соған қарамастан ортасына беделді болды.

1990 жылы ҚР Президентінің аппараты құрылып, оған С.Әлібеков бас маман ретінде шақырылды, ал келесі жылы екі аппарат ҚР Президенті мен Министрлер Кабинетінің аппараттары біріктірілді. С.Әлібеков жаңадан құрылған аппараттың орынбасары, бірінші орынбасары, одан кейін аппараттың менеджері қызметтерін атқарды. 1995–1996 жылдары ол Қазақстан Мемлекеттік мүлік комитеті мен Кеден комитетінің заң департаменттерін басқарды. Ел ордасы Астанаға ауысқан тұста әріптесіміз ғылыми-педагогикалық салаға қайта оралып, жұмысын Алматыда жалғастырды.

С.Әлібековтың одан арғы еңбек жолы жоғары білім беру саласындағы оқытушылықпен байланысты. Оның

оқу орындарының мамандықтары рейтингінде жетекші орындарды иеленіп, 2012 жылы 1 орынға ие болды. Сайлаубек Әлібеков жетекшілік ететін кафедраның мемлекеттік, қоғамдық және бизнес құрылымдарында қызмет атқаратын 1000-нан астам студент бітірді.

Профессор соңғы уақытта кеден ісі саласына, сыртқы экономикалық қызметті реттеу мен халықаралық кеден құқығы, сондай-ақ мемлекеттік басқару мәселелеріне ден қойып келеді. Заң ғылымының дамуына, заңдардың сапалы дайындалуына сүбелі үлес қосқан ғалымның еңбегі елеусіз қалған жоқ.

«Қазақстан Республикасының Конституциясына 25 жыл» медалі, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» медалі, сондай-ақ, «Bilim-Orkenietі» ұлттық инновациялық ғылыми зерттеу орталығының «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға

Профессор С.Әлібеков – өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын, педагогикалық және әдістемелік шеберлігін үнемі жетілдіріп отыратын эрудитті, принципіл, мақсатты ұстаз. Оның жұмысының ұстанымы – әрбір студенттің, магистранттың, докторанттың ашылуына, сенімін оятуға ұқыпты және мұқият көмектесу. Әр оқушының жеке ерекшеліктеріне қарай дамуын жіті қадағалайды.

педагогикалық өтілі 30 жылдан астам уақытты құрайды. Профессордың 700-ден астам ғылыми жарияланым бар, оның 70-тен астамын монография, оқулықтар және оқу құралдары құрайды. Оның ғылыми еңбектері көптеген халықаралық ғылыми журналда жарияланған, белгілі ғалымдар мен практикалық қызметкерлердің оң пікірін алған. С.Әлібековтің ғылыми жетекшілігімен 1 PhD докторы және 9 заң ғылымдарының кандидаты дайындалды.

Ғалым еліміз үшін маңызды құжаттар саналатын Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексті, Қазақ КСР заңдарының жинағын, Тұрғын үй кодексін, «Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» заңын, «Жалдау туралы» заңды, үкімет шешімдерінің жобаларын дайындауға атсалысты.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де, ҚазМЗУ-де, «Әділет» жоғары құқық мектебінде, Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӨТУ-де, ҚазАТиСО-да, ХТГУ-де қызмет атқару Сайлаубек Тынышбекұлына кандидаттық және докторлық диссертациясын қорғап, «Қазақстанның кеден саласын жетілдірудің теориялық мәселелері: құқықтық аспектілері» деген тақырыпты тереңнен зерделеді.

1999 жылдың мамырында Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӨТУ басшыларының шақыруы бойынша халықаралық құқық кафедрасын құруға қатысты. Кафедра Қазақстандағы жоғары

сіңірген еңбегі үшін», «Қазақстан Республикасының құрметті маманы», «Қазақстан Республикасының қоғам қайраткері» медальдары сол тынымсыз еңбектің жемісі.

Профессор С.Әлібеков – өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын, педагогикалық және әдістемелік шеберлігін үнемі жетілдіріп отыратын эрудитті, принципіл, мақсатты ұстаз. Оның жұмысының ұстанымы – әрбір студенттің, магистранттың, докторанттың ашылуына, сенімін оятуға ұқыпты және мұқият көмектесу. Әр оқушының жеке ерекшеліктеріне қарай дамуын жіті қадағалайды.

Бұл күні Сайлаубек Тынышбекұлы Қазақ ұлттық университетінің «Кеден, қаржы және экологиялық құқық» кафедрасының ақылман ақсакалы, кейінгі буынға жол көрсетер тәлімгері. Ұстаздардың ұстасы болған Сайлаубек Тынышбекұлының мерейтойы құтты болып, шәкірттері үмітін ақтасын деп тілейміз.

Гүлдана ҚУАНАЛИЕВА,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Кеден, қаржы және экологиялық құқық» кафедрасының менеджері.

Қалдарбек ҚУАНДЫҚОВ,
«Кеден, қаржы және экологиялық құқық» кафедрасының қауымдастырылған профессоры



Ербол МӘТЖАНОВ,
Қармақшы аудандық соты әкімшісінің басшысы

цестік кодекске, Қылмыстық процестік кодекске, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне өзгерістер енгізіліп, сот пен халық арасындағы байланысты нығайтуға көңіл бөлінді.

Жақында өткен Қазақстан Республикасы судьяларының IX съезіне қатысқан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сот саласындағы жаңғыртуларға оң бағасын берді. Соның ішінде кассациялық соттарды енгізуге байланысты жұмыстардың нәтижелі боларына сенім білдірді. Осы тұрғыдан алғанда бастаған бастама халық көңілінен шығып, сотқа деген сенімді нығайта алса сот құрылымы үшін үлкен жетістік болмақ.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

• МЕДИАЦИЯ

«Медиация туралы» заңның қабылдануымен елімізде Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би салған сара жол қайта жаңғырды. Бұл заң қазақтың көне құқықтық дәстүрін ғана емес, адамдық принциптерін жаңғыртты.

БІТІММЕН БІТКЕН ІСТЕ БЕРЕКЕ БАР

«Ел даусыз болмайды». Ел болған соң, арада даудың туындайтыны сөзсіз. Күн сайын сотқа бірі көршісімен келіспей, енді бірі отбасылық түйткілді тарқатсам деп, тағы бірі жер дауымен жүгініп жатады. Осы ретте медиация дауды шешу барысында тараптардың толық қанағаттандыратын нұсқаға қол жеткізудің, әрі тараптардың дауласушылық деңгейін төмендетудің бірден бір мүмкіндігі десек қателеспейміз. Медиацияда алдымен еріктілік, тараптардың тең құқылығы, медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптығын, құпиялықты сақтау маңызды.

Жалпы, елімізде медиацияның жеке және заңды тұлғалар, әкімшілік органдар, лауазымды адамдар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық, әкімшілік құқықтық қатынастардан және өзге де қоғамдық қатынастардан туындайтын, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу барысында, қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар, атқарушылық іс жүргізуді орындау кезінде қолданылатындығы заңмен бекітілгендіктен, дауды бітіммен шешуге асығатындардың саны жыл сайын артып отыр.

Осы орайда, сот әрекетке қабілетсіз не әрекетке қабілеті шектеулі деп таныған адамдардың мүдделерін қозғаса немесе қозғауы мүмкін болса, сыбайлас жемқорлық қылмыстар және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүддесіне қарсы өзге де қылмыстық істер бойынша медиация рәсімі қолданылмайтынын атап өткен жөн. Тағы бір айта кетерлігі, тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын кезде жеке және заңды тұлғалар қатысатын дауларға медиация рәсімі заңдарда көзделген жағдайларда қолданылады. Сонымен қатар, медиация тараптары медиаторды ерікті түрде таңдауға, бас тартуға, медиацияның кез келген сәтінде оған қатысудан бас тартуға, медиацияны жүргізуге жеке өзі немесе өкілеттіктері заңда белгіленген тәртіппен рәсімделген өкілдер сенімхат бойынша қатысуға құқылы.

Бүгінде елімізде тараптарды татуластыру рәсімдерін жандандыруға ерекше ден қойылған. Атап айтсақ, өңірлерде татуластыру орталықтары, медиация кабинеттері ашылып, Билер кеңесі құрылды. Сондай-ақ заңнамаға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сай, қоржынымыз «татуластырушы судья», «сотқа дейінгі хаттама» деп аталатын жаңа институттармен толықты. Санаулы уақыт ішінде аталған ұғымдар бітімгершіліктің жаршысына айналып, татуластыру рәсімдерін қолдану аясын кеңейтті.

Шын мәнінде дана халқымыз «Бітіммен біткен істе береке бар», – деп бекер айтпаса керек. Себебі, дауды бітіммен реттеу арқылы алдымен уақытты үнемдейміз. Сотқа жүгіну біраз уақытты алып, сот отырыстары бірнеше процеске жалғасуы жүйкенізге де кері әсерін тигізеді анық. Одан бөлек, жолға жұмсайтын шығыннан басқа мемлекеттік баж, заңгерлерді жалдау секілді сот шығындары тағы бар. Тіпті, сотқа жеткен даудың соңы туған-туыс, дос-жаран, әріптестің арасын алыстатып, араздықты үдетіп жіберуі әбден мүмкін. Сондықтан, АҚШ, Аргентина, Ұлыбритания, Германия, Аустрия сынды әлемнің алпауыт елдерінде кеңінен қолданылатын медиацияны дамыту, жалпы даулардың татуластыру арқылы түйінін шешу билік айтудың ең озық әдісіне айналып отыр. Бітімгершілік рәсімдері талай даудың оңтайлы шешілуіне сеп болары анық.

Айгүл БОРАШЕВА,
Маңғыстау облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

• ЖЕГІҚҰРТ

АДАЛ ЕҢБЕКПЕН ТАПҚАН ӘР ТИЫН – НАҒЫЗ АРДЫҢ ІСІ

Өркениет пен цифрландыру ғасырында қауіпті құбылысқа айналған қазіргі заманның жаһандық проблемаларының бірі – сыбайлас жемқорлық. Жемқорлықпен күресу, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру кез келген өркениетті қоғам үшін өте өзекті.

Сыбайлас жемқорлық ұлттық қауіпсіздікке, әрбір отбасының әлауқатына, балаларымыздың жарқын болашағына және тұтастай алғанда елдің дамуына қауіп төндірді. Сондықтан да, осы зұлымдықпен күресу Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі болып табылады. Мемлекет кеселдің ауқымы мен салдарын нақты бағалап, қауіпті құбылыспен қатаң және ымырасыз күрес жүргізу мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия қалыптастыруда басты мақсат етіп отыр. Бұл стратегия сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыруға негізделген. Адам саналы түрде сыбайластыққа қарсы тұра білгенде жемқорлыққа тегеурінді тосқауыл қойылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет дегеніміз ол жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтық позиция. Азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты иммунитеті болмаса, қалаулы нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес. Біздің қоғамның әрбір толыққанды мүшесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті – бүкіл қоғамның, әрбір азаматтың ісі деп түсінуі тиіс.

Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, заңды түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керек. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білуі қажет. Азаматтық қоғамның барлық институттарының күш-жігерін біріктіру, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың халықаралық тәжірибесі мен барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Осы ретте жастарды бала кезінен қазақстандық патриотизм және сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеу маңызды болмақ. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев әр жолдауында адал еңбек, мандай термен тапқан әр тиын – нағыз ардың ісі екенін, бұл қасиетті өскелең ұрпақтың бойына сіңіріп, тәрбие беру керек екенін жеткізеді. Яғни, келешек ұрпақты әділдікке, отансүйгіштікке, имандылыққа, адал еңбекке үйретіп, бойларына індетке қарсы тұратындай білуі қажет. Намыс ұялата алуымыз керек. Ел болашағы жастардың қолында. Жас ұрпақ сауатты, елжанды болса жемқорлық та біртіндеп жойылады деген үміттемін.

Н.САМЕНДИРОВА,
Ақтау қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты әкімшісінің басшысы

• ПАЙЫМ

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТТАРҒА АРТЫЛАР СЕНІМ ЖОҒАРЫ

Сот саласындағы жаңа реформалар халықтың жіті назарында. Қазіргі кезде қоғамда дербес кассациялық соттардың маңызы, мақсаты, бағыт-бағдары қызу талқыланып жатыр. Осының өзі ел тұрғындарының жыл өткен сайын құқықтық сауаттылығы өсіп, заңнамалардағы өзгерістер мен толықтыруларға бей-жай қарамайтынын, бастамаларға қатысты өзіндік пікір-ұсыныстарын білдіруде белсенді екенін көрсетеді. Қарапайым азаматтардан қойылатын сұрақтар көп болғандықтан, сот судьялары мен қызметкерлері де кассациялық соттың негізгі басымдықтарын таныстырып, түсіндіруді қолға алып келеді.

2024 жылы маусымда «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заңы қабылданды. Бұл заң нормалары Астанада үш дербес кассациялық соттың жұмысын бастауына жол ашты. Бүгінде осы соттарды ұйымдастыру, материалдық-техникалық жабтан қамтамасыз ету, сот корпусын білікті де тәжірибелі судьялармен то-

лықтыру жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, жақында жаңа соттардың жұмыс тәртібін заңнамалық тұрғыдан бекітуді көздейтін өзгерістер Сенат депутаттарының талқысына түсті.

Бұл заңнамада кассациялық соттардың жұмыс сапасын жандандыру, халықтың сотқа жүгіну тетіктерін оңтайландыру көзделген. Мұндағы жаңғыртулар дамыған елдердің сот тәжірибесін салыстыра келе, еліміздегі бүгінгі жағдайды екшеп, қорытындылау нәтижесінде қалыптасып отыр. Мәселен, бұрын кассациялық сатыға жүгіну үшін талап қою сомасы 2000 АЕК-тен кем болған кезде жеке тұлғалардың және талап қою сомасы 30 мың АЕК-тен кем болған кезде заңды тұлғалардың мүлдіктік мүдделеріне байланысты даулар бойынша, сондай-ақ қылмыстық теріс қылықтар мен ауырлығы аз қылмыстар бойынша шектеу болатын. Яғни, бұл шекті мөлшерден төмен сомалар болғанда іс кассациялық сатыда қаралмайтын. Жаңа заңда осы шектеулер алынып, сотқа деген қолжетімділікті кеңейтуге оң қадам жасалды. Сәйкесінше Азаматтық про-

• СҰХБАТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Жалпы Шымкент қаласының 2021–2025 жылдарға арналған даму жоспарында мәдениет саласының 5 бағыты бойынша 21 нысаналы индикаторлық көрсеткіш бекітілген. «Оқитын ұлт» жобасы шеңберінде оқырман белсенділігін арттыру бойынша республикалық «Бір ел – бір кітап» акциясы, «Өлкетану бағыты» және «Нағыз оқитын кез» акциясы бойынша 2024 жылдың 10 айында 1365 іс-шара ұйымдастырылып, онда 300 798 оқырман қамтылды. Жалпы, жылдық жоспар 35% (303 623 оқырман саны) болса, оның 10 айда орындалуы 24,1% (1 243 900 қаланың халық санына шаққанда) құрап отыр.

– Мәдениет нысандары мен ондағы жөндеу жұмыстары туралы да айта кетсеңіз?

– 2024 жылы 1 мәдениет нысанын салу жоспарланған. Есепті кезеңде 4 мәдениет үйінің құрылыс жұмыстары аяқталып, ғимараттың жиһаздармен жабдықталу жұмыстары жүргізілуде. Мәдениет үйлерінің ғимараты 2 қабаттан тұрады. Оның ішінде кітапхана, оқу және спортпен жаттығу залы, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған санитарлық торап орнатылған.

2024 жылға 15 мәдениет нысандарын жөндеу жоспарланған. Қазіргі таңда, Шымкент қалалық опера және балет театры, Шымкент қалалық мемлекеттік архиві, Шымкент қалалық өзбек драма театры және Шымкент қаласының орталықтандырылған көпшілік кітапханалар жүйесі ғимараттарына күрделі жөндеу жұмыстары мен жылу жүйесінің ағымдағы жөндеу жұмыстары толығымен аяқталып, қолдануға берілді.

– Тіл саясаты бойынша мемлекеттік тілді меңгерген тұрғындар үлесін арттыру қалай жүзеге асырылуда?

– 2024 жылғы жылдық жоспар 91% болып белгіленген. Оның орындалуы қазір 97,8%. Бірінші жартыжылдықта Шымкент қаласы тұрғындарының қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгеру деңгейін анықтау мақсатында әлеуметтік сауалнама жасалып, оған 18 жастан жоғары 2000 респондент қамтылған болатын. Оның нәтижесіне қарасақ: мемлекеттік тілді меңгергендердің үлесі – 97,8%; орыс тілін меңгергендердің үлесі – 87,6 %; ағылшын тілін меңгергендердің үлесі – 24,2%. Жалпы, Шымкент қалалық тілдерді оқыту-әдістемелік орталығында 10 айда 109 топта 1302 азаматтар қазақ, орыс, ағылшын тілдерінен курстан өтті. Олардың ұлттық құрамына көз жүгіртер болсақ: қазақтар – 1002, орыстар – 141, өзбектер – 72, өзге этностар – 87 адам болды. Курстарда қазақ тілінен 788 адам, ағылшын тілінен 435 адам, орыс тілінен 79 адам қамтылды. Ал 321 мемлекеттік қызметшінің 284-і қазақ, 9-ы орыс, 14-і өзбек, 14-і өзге этнос өкілдері болды.

– Нысаналы индикаторларға да тоқтала кетіңізші?

– Шымкент қаласы бойынша «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында 2 көрсеткіш қарастырылған. Біріншісі, мәдени-ағартушылық нысандар салу. 2024 жылдың жоспарында 2 мәдени нысан салу жоспарланса, жоғарыда атап өткенімдей, 4 мәдениет үйінің құрылысы аяқталып, пайдалануға беру бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Екіншісі, мемлекеттік тілдің қолдану аясы кеңейтіліп, өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін оқып-үйренуіне жағдай жа-



Бауыржан ОРЫНТАЕВ, Шымкент қаласының мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының бастығы:

«ШЫМКЕНТ – РУХАНИЯТ НАСИХАТШЫСЫ, МӘДЕНИЕТ ӨЗЕГІ»

2024 жылға 15 мәдениет нысандарын жөндеу жоспарланған. Қазіргі таңда, Шымкент қалалық опера және балет театры, Шымкент қалалық мемлекеттік архиві, Шымкент қалалық өзбек драма театры және Шымкент қаласының орталықтандырылған көпшілік кітапханалар жүйесі ғимараттарына күрделі жөндеу жұмыстары мен жылу жүйесінің ағымдағы жөндеу жұмыстары толығымен аяқталып, қолдануға берілді.

сап, оны 97,5 пайыздан 100 пайызға арттыру. 2024 жылдың жоспары 98%. Оның орындалуы қазір 90,2% болып отыр.

Шымкент қалалық тілдерді оқыту-әдістемелік орталығында мақсатты индикаторға сәйкес 2024 жылы 1 442 адамды курстан өткізу жоспарланған. 2024 жылдың 10 айы бойынша 1302 азамат курстан өтті, оның ішінде қазақ тілінен – 788, орыс тілінен – 79 адам, ағылшын тілінен – 435 адам.

Бұдан бөлек ҚР Президентінің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсысымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі жол картасы аясында 1 көрсеткіш бар. Атап айтқанда, бұл мемлекеттік тілді меңгерген халықтың үлесіне қатысты 99-тармақ. 2024 жылдың жоспары 91% болса, оның орындалуы жоғарыда атап өткенімдей 97,8% құрап отыр.

– Шымкент қаласын дамыту бойынша жасалған тиймділіктің негізгі көрсеткішіне (КРІ) архив саласынан да 2 көрсеткіш енгізіліпті. Оларды да атап өте кетсеңіз?

– Дұрыс айтасыз. Оның біріншісі, архивтік құжаттарды цифрландыруға қатысты. 2024 жылғы жоспарда парақ саны – 600 мың болса, 10 айда жоспар 84% орындалып, 502 742 парақ цифрлы таңбаға көшірілді.

Екіншісі, архивтік құжаттар қорын ұлғайту. 2024 жылғы жоспарда сақтау бірлігі 6 150 болса, оның орындалуы 10 айда 5 150-ді құрап, жоспар 84% орындалды.

«Архив–2025» жобасын іске асыру жөніндегі 2020–2025 жылдарға арналған кешенді іс-шаралар жоспары бойынша 2 жинақ шықты. Олар: Шымкент қа-

лалық мемлекеттік архивіндегі жеке тектік құжаттар негізінде «Шымкент қаласының дамуына үлес қосқан әр саладағы үздіктер» және «Қазақстан мен Өзбекстан тарихын зерттеудің өзекті мәселелері» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектерінің жинақтары.

2024 жылдың 4-6 маусымында Қазақстандағы Өзбекстан архивтерінің күндері ұйымдастырылды. Іс-шара аясында «Қазақстан мен Өзбекстан тарихын зерттеудің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, «Қазақстан және Өзбекстан: екі ел арасында архив саласын дамыту аспектілері» тақырыбында дөңгелек үстел жиыны өткізілді.

– Басқармаға қарасты мекемелердің 9 индикаторлық көрсеткіштеріне де тоқтала кетсеңіз?

– Концертке («Шымкент концерт» концерттік ұйымы», Жастар театрына қарасты 5 клуб, 5 мәдениет үйі), циркке келуші көрермендердің саны жылдық жоспарда 102 950 болса, есепті кезеңде орындалуы 101 427-ні құрап (оның ішінде ақылы 30 664, ақысыз 70 763), жоспар 98% орындалды.

Кітапханаға (6 кітапхана 37 бөлім-шесімен) келуші оқырмандар саны

жылдық жоспарда 293 265 болса, 10 айда оның саны 243 077 оқырман болып, жоспар 83% орындалды.

Театрға келуші көрермендердің саны жылдық жоспарда 246 477 болса, 10 айда оның орындалуы 187 760 (ақылы 84 075, ақысыз 103 685 келушілер) болып, жоспар 76% орындалды.

Музейге келушілердің саны жылдық жоспарда 12 050 болса, 10 айда оның орындалуы 9 810 болып (ақылы 5 832, ақысыз 3 978), жоспар 81% орындалды.

Рухани мәдени мұраны насихаттау бойынша іс-шараларға келуші көрермендердің (Әдет-ғұрып және салт-дәстүр орталығы) саны жылдық жоспарда 15 700 болса, 10 айда оның орындалуы 12240 (ақылы 3 076 адам, ақысыз 9 164 адам) болып, жоспар 78% орындалды.

Зообаққа келушілердің саны жылдық жоспарда 320 923 болса, 10 айда оның орындалуы 512 092 (ақылы 370 725, ақысыз 141 367) болып, жоспар 159% орындалып отыр.

«Мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру дирекциясына» (Шымқала тарихи-мәдени кешені) келушілердің саны жылдық жоспарда

31 264 болса, 10 айда оның орындалуы 37040 (ҚР азаматтары 25 889 адам, шетелдіктер 11 151 адам) болып, жоспар 118% орындалды.

Көшелерге атау беру бойынша 2024 жылдың жоспары 60 көше. Шымкент қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 4 қарашадағы № 5658 қаулысы мен Шымкент қаласы мәслихатының 2024 жылғы 4 қарашадағы № 22/191–VIII бірлескен шешіміне сәйкес қаламыздың 385 құрамдас бөліктеріне жаңа атау берілді. Олардың 283-і атауы жоқ, 82-сі атауы қайталанатын, 6-уы транскрипциясын нақтылайтын, 6-уы идеологиялық тұрғыдан ескірген болса, алтауы шағын аудан, біреуі саяжай, біреуі аллея.

Сондай-ақ Жобалық кеңсеге орындалуы бойынша енгізілетін концерттік жобаның саны жылдық жоспарда 27 іс-шара болса, 10 айда 26-сы орындалды. Бұдан бөлек Шымкент қаласы әкімдігінің ситуациялық «Комек» орталығы бірыңғай тегін 109 нөмірі арқылы және арнайы әлеуметтік желілер көмегімен қала тұрғындарына 24/7 тәртібінде қызмет көрсетеді. Бірыңғай орталыққа мәдениет саласы бойынша 2024 жылдың 10 айында 50 өтінішкеліп түскен, барлығына мерзімінде жауап берілген.

– Жоғарыда аталған индикатор-

торлық көрсеткіштерден бөлек, басқармаға қарасты мәдениет ұйымдарының есепті кезеңде атқарған жұмыстарына кеңірек тоқталып өтсеңіз?

– 10 айда 32 ресми, мәдени көпшілік іс-шаралар өткізіліп, қатысушы саны 40 092 адамды құрады. Атап айтқанда, «Қазына» би ансамблінің құрылғанына 35 жыл «Fashion show by QAZINA» дефилесі, «Армысың, әз-Наурыз» мерекелік іс-шарасы және гала-концерті, Халықаралық театр күніне орай, «Театр көктем фестивалінің» апталығы, 31 мамыр «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» күніне арналған гүл шоқтарын қою рәсімі, «Қазақстан мен Өзбекстан тарихын зерттеудің өзекті мәселелері» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы, «Қала күні», «Астана күні», «Домбыра күні», 15 тамыз Қазақ вальсінің королі композитор Шәмші Қалдаяқовтың шығармашылығына арналған «Әнім сен едің» гала-концерті, 30 тамыз «Конституция күні» және 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары салтанатты мерекелік іс-шарасы, 24 қазан Республика күні мерекесіне арналған салтанатты іс-шара өткізілді.

– Атаулы және мерейлі дата-лар бойынша қандай шаралар ұйымдастырылды?

– Қазақ ақыны сықақшы Шона Смаханұлының, балалар жазушысы Б. Соқпақбаевтың 100 жылдығына арналған халықаралық конференция мен мерекелік кеші өткізілді. Сонымен қатар, А. Пушкин атындағы әмбебап кітапханасының 125 жылдығы, көзі көрмейтін және көзі әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапхананың 55 жылдығы, әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасының 10 жылдығы аясында халықаралық, республикалық конференциялар ұйымдастырылды. Әдет-ғұрып және салт-дәстүр орталығының 10 жылдық мерейтойы аясында «Дарқан дала дәстүрі мен ойындары» этнофестивалі, Ж. Шанин атындағы академиялық қазақ драма театрының 95 жылдығы аясында Орталық Азия елдерінің IX халықаралық театр фестивалі өткізілді. Фестивальға Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия, Қарақалпақстан, Татарстан, Әзірбайжан және Қазақстан театрлары қатысты. Аталған екі бағыт бойынша жыл соңына дейін республикалық ақындар айтысы, «Тәуелсіздік күні», композитор, КСРО Халық артисі Александр Викторович Затаевичтің 155 жылдығына орай еске алу кеші, «Шыршаның басты шамын жағу» және «Жаңа жыл» мерекелік іс-шаралары өткізілетін болады.

– Мемлекеттік шығармашылық тапсырыс жұмыстарының нәтижесін айта кетсеңіз?

– 2024 жылға жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру бағдарламасына 20 000 ваучерге 3,941 млрд теңге бағытталған. Қазіргі таңда 137 өнім беруші, 37 үйірме түрінен (500 үйірме саны) 18 433 ваучермен қамтылып отыр.

Сондай-ақ қолдау көрсетілген шығармашылық жобалар бойынша биылғы жоспарда 1 жоба бекітілген. 1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күні аясында Орталық саябақта «BalaShym» өнер фестивалі болды. Онда бүкіл қала бойынша шығармашыл балалар 4 бағыт бойынша өз өнерлерін көпшілік назарына ұсынып, қатысушылар бағалы сыйлықтармен марапатталды.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

• ОРТАҚ МҮДДЕ

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ БІРЛІКТІҢ ЖАҢА МОДЕЛІ



Шымкентте қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық моделін дәріптеуді мақсат тұтқан республикалық лекторий Аймақтық инновациялық университет базасында өтті.

Лекторийде модераторлық жасаған қалалық ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасының басшысы Айгерім Жұмағұлова бірлікке бастайтын байсалды бастамалар қоғамды біріктіретінін айтты. Келер жылы құрылғанына 30 жыл толатын Қазақстан халқы Ассамблеясының этносаралық қарым-қатынастар саласында маңызды институтқа айналғанына да тоқталды.

– Еліміздегі барша этнос өкілдерін бір шаңырақ астына топтастырған Қазақстан халқы Ассамблеясы жалпыұлттық бірлікті бекемдеу, этносаралық қарым-қатынасты нығайту және этнос жастары арасында қазақстандық патриотизмді дәріптеу бағытында жүйелі жұмыс істеп келеді, – деді басқарма басшысы.

Университет оқытушылары мен студенттер алдында этносаясаттың басым бағыттары түсіндірілген лекторийде профессор Тілектес Мейрамов, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Құрылтай мүшесі, Астана қаласындағы «Ахысқа» түрік этномәдени орталығының төрағасы Аскер Пириев және Ө.Жәнібеков атындағы ОҚМПУ-дың де-

партамент директоры, қалалық ҚХА жанындағы ғылыми-сарапшылық топ жетекшісінің орынбасары, тарих ғылымдарының кандидаты Қайрат Анарбаев, Шымкент университетінің факультет деканы, география ғылымдарының кандидаты Алтынбай Сәулембаев сөз сөйлеп, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікке негізделген саясат аясында атқарылған жұмыстар мен алдағы маңызды міндеттер туралы лекция оқыды.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Этносаралық қатынастарды дамыту комитетінің «Қоғамдық келісім» республикалық мемлекеттік мекемесі мен Шымкент қаласының әкімдігі бірлесе ұйымдастырған лекторийде республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының мүшелері, Шымкент қаласы ҚХА жанындағы қоғамдық құрылымдар мен этномәдени бірлестіктердің төрағалары және жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттері қатысты.

Қуаныш ЕРМЕКОВА,
«Заң газеті»

• ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ



Берік ҚҰРАМЫСОВ, Кентау қалалық сотының судьясы:

«МЕДИАЦИЯ ІСКЕРЛІК БЕДЕЛДІ НЫҒАЙТАДЫ»

– **Берік Полатбекұлы, «Медиация туралы» заңның бүгінгі қоғамда алатын маңызы мен қолданысы жайлы әңгімелеп беріңіз-ші?**

– Медиация – қоғамдық келісімді нығайтуға арналған бірегей құрал. Олай дейтін себебіміз, қазіргі таңда медиаторлардың көмегіне жүгіну арқылы сот алды дау-жанжалдарды шешу тәсілі біртіндеп қалыптасу үстінде. Медиацияның артықшылықтарын ескере отырып бүгінгі күні елімізде көптеген медиаия институттары дамып келеді. Осы медиаия институты ретінде бітімгершілік тәжірибесі қазақ

елінің тарихында болғанын атап өту қажет. Сондықтан медиаия институты қазақ қоғамына жат емес. Ұлтымыздың тарихында билер алқасы болған. Бұл нағыз далалық демократияның жарқын көрінісі. Сол себепті құқық саласында татуласуды бір жағынан кешенді құқықтық институт деп алатын болсақ, ал екінші жағынан құқықтық қарым-қатынасты тұрақтандыратын құқықтық тәсіл ретінде қоғамда айрықша орын алады.

– **Жаңа бір сөзіңізде қазіргі таңда медиаторлардың көмегіне жүгіну арқылы сот алды дау-жанжалдарды шешу тәсілі біртіндеп**

қалыптасу үстінде деп айтып өттіңіз. Ал халықтың медиаияға, дауды ортақ мәмілемен бітіруге көзқарасы қандай?

– Медиация деген атауы өзгеше болғанымен, татуласу, дауды өзара келісіммен шешу тәжірибесі қазақтың құқықтық кеңістігінде бұрыннан бар. Қазіргі кеңестік дәуірдің құқықтық заңы бұрынғыдан өзгеше. Баяғыда даулардың бәрі тек сот арқылы шешілетін. Сол тәртіпке үйренген жұртшылық медиаия, тараптардың татуласуы деген түсінікті бірден қабылдай алмады. Халыққа медиаияның пайдасын, уақыт, қаржы жағынан ыңғайлы екенін түсіндіру үшін кешенді жұмыстар қолға алынып келеді. Халыққа медиаияның мәнін, шетелдердегі озық тәжірибесін таныстыру мақсатында көптеген дәрістер ұйымдастырып, іс-шаралар өткізілуде. Бұл өз кезегінде халықтың ой-санасына оң әсер етіп, бүгінде сот әуресінен қашып, мәселесін мәмілемен шешетіндер саны артып отыр.

– **Сот отырысында медиаия арқылы қандай даулар шешіледі?**

– Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасын-

ның елеулі бөлігін атқарады. Кентау қалалық сотында басқа соттардың соттылығына жатқызылған істерді қоспағанда, барлық қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бірінші сатыдағы сот ретінде қарастырады. Қалалық сотқа көп жағдайда азаматтық және әкімшілік істер көптеп келіп түседі. Сонымен қатар, мүліктік және мүліктік емес даулар бойынша азаматтық істер де қаралып, шешім шығарылуда.

– **Қалалық сотта татуласу шiarасы арқылы қанша адамның ісі оңынан шешілді?**

– Сот жүйесі жылдан-жылға қарқынды түрде даму үстінде. Бүгінгі күні сот жүйесінде дауларды медиаия арқылы шешуге зор мән беріліп отыр. Оның тиімділігі көріне бастады. Себебі, медиаия азаматтық, еңбекке қатысты, отбасылық және басқа да құқықтық қатынастарға байланысты, сондай-ақ ауырлығы төмен және орташа қылмыстық істер бойынша туындаған дауларда татуласу, мәмілеге келу өзінің оң нәтижесін беріп жүр. Кентау қалалық сотында медиаия тәртібімен соңғы 6 айдың есебі бойынша 44,6 пайызды құрайды. 133 іс медиаия тәртібімен аяқталды.

– **Қаладағы соңғы кезеңде резонанс тудырған қандай іске ерекше тоқталған болар едіңіз?**

– Кентау қаласында барлық өңірдегідей халық болған соң резонанс тудырған істер де болып тұрады.

Өткен жылы жедел тамақтану орнында жаппай улану мәселесі бойынша қылмыстық іс қаралды. Қала тұрғыны 2023 жылы келісімшарт арқылы жалға алып, дәмхана ашқан. Қоғамдық тамақтану орнында санитарлық қағидалар мен гигиеналық нормативтердің талаптарын сақтамаған. Түркістан және Кентау қалаларының жалпы 100 тұрғыны дәмханадан, «чикен, суши, фри, пицца, салат» және тағы басқа жылдам даярланатын тағамдармен тамақтанған санитарлық қағида-ны бұзудың салдарынан жаппай улану, Түркістан және Кентау қалалық орталық ауруханаларының жұқпалы аурулар бөліміне жеткізілген. Барлық жәбірленушілерге дер кезінде білікті медициналық көмек көрсетілді. ҚҚ-нің 304-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп танылып,

мекеме басшысына осы баптың талабымен 1 жыл мерзімге халықты қоғамдық тамақтану қызметімен айналысу құқығынан айыра отырып, 300 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде 1 035 000 теңге айыппұл жазасы тағайындалды.

Сондай-ақ 2023 жылы ватсап әлеуметтік желісі арқылы бір азаматша мемлекет тарапынан берілетін қайтарымсыз грант 5 000 000 теңге ақша қаражатын алуға көмек бере алатынын айтып өзіне қаражат керек болып, әлеуметтік желі арқылы қызметін жарнамалаған. Нәтижесінде, жәбірленушілер грант ұтуға көмектеседі деген оймен «Kaspi Gold» есепшотына ақша аударған. Алайда, ешқандай грантқа көмек бере алмаған, тіпті ақшаларын қайтармаған азаматшаның үстінен қылмыстық іс қозғалды. Сотталушы ҚҚ-нің 190-бабы 3-бөлігінің 4-ші тармағында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп танылып, оған осы баппен 4 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

– **Берік Полатбекұлы, сөз соңында аймақтағы медиаияның насихаты жайлы да айта кетсеңіз?**

– Медиацияны азаматтық, еңбекке қатысты, отбасылық және басқадай құқықтық қатынастарға байланысты, сондай-ақ ауырлығы шағын және орташа қылмыстық істер жөнінде туындаған дауларда қолданыла алады. Азаматтар, сондай-ақ заңды тұлғалар медиаияға белсенді түрде жүгінген жағдайда сот жүйелеріне түсетін ауыртпалықты айтарлықтай жеңілдетіп, соның арқасында анағұрлым ірі істердің шешілу сапасын арттыруға болады. Халықаралық статистикаға сәйкес, барлық даулардың 30-40 пайызы медиаия рәсімімен өтеді, олардың 85 пайызында оң нәтижелерге қол жеткізілген. Медиатор – бұл екі жақтың бітімгершілігі. Ендеше, сот жүйесіне бітімгерлік тәсілін енгізу сот саласына жасалған игі қадам деп түсінемін. Сол себепті де бітімгершілік – тараптарға қақтығыстың балама шешімін табуға көмектесетін және іске асырудың шындығы үшін ұсынылатын шешімдерді талдауға мүмкіндік беретін қолайлы институт деп айта аламын.

– **Сұхбатыңызға рақмет!**

Раушан НАРБЕК

• ҚЫЗМЕТ

ӘДЕП НОРМАЛАРЫ – СЕНІМ КЕПІЛІ

Сот билігі – қоғамның әділдікке ұмтылысын жүзеге асыратын негізгі механизмдердің бірі. Құқықтық мемлекет құруда сот жүйесінің беделін нығайту, оның әділ әрі тәуелсіз болуын қамтамасыз етуде үлкен маңызы бар. Бұл процесте сот әдебі маңызды рөлге ие, өйткені ол судьялардың моральдық және кәсіби міндеттерін реттейтін ережелер мен қағидалар жиынтығы болып табылады. Сот әдебі қоғамның құқықтық жүйеге деген сенімін арттырудың кепілі.

Сот жүйесіндегі әдеп нормалары бірнеше қағидаларға негізделеді, олар судьялардың мінез-құлқын реттейді және олардың өз қызметін адал, әділ, тәуелсіз түрде орындауын қамтамасыз етеді.

Соттар әрдайым әділ және бейтарап болуға тиіс. Бұл қағида судьялардың ешкімге тәуелді болмауын, саяси, экономикалық немесе басқа да мүдделердің ықпалында қалмауын қамтамасыз етеді. Судья әрқашан заңға сүйеніп, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған шешім қабылдауы керек.

Сот әдебінің маңызды бір бөлігі – бейтараптық. Судьялар істі қарау кезінде эмоцияларына, жеке көзқарастарына немесе сыртқы қысымдарға берілмеуі қажет. Әрбір тараптың құқықтары тең дәрежеде ескерілуі тиіс. Сонымен қатар, адалдық қағидасы судьяның өзінің лауазымын пайдаланып, заңсыз әрекеттерге бармауын көздейді. Судьялар қаралған істерге қатысты ақпаратты құпия сақтауы керек. Бұл сот процесіне қатысушылардың мүдделерін қорғау үшін маңызды. Құпиялылықтың бұзылуы соттың беделіне нұқсан келтіріп қана қоймай, сот шешімдерінің әділдігіне күмән тудырады.

Сот қызметкерлері үнемі өз білімдерін жетілдіріп, заңдар мен сот тәжірибесі туралы ақпараттарды жаңартып отыруы тиіс. Білікті судья ғана әділ шешім шығара алады. Бұл қағида соттың қызмет сапасын арттыруға бағытталған. Судьялар халықтың мүддесі үшін қызмет етеді. Олар қоғамға қызмет ету арқылы сот жүйесінің беделін сақтап, заң алдындағы теңдік



Қаламқас ЕСЕНҒАЗЫ, Ақтөбе қаласы №2 сотының сот әкімшісі

пен әділдік қағидаларын нығайтуға үлес қосады. Осылайша, сот жүйесіне деген сенімділік қалыптасады және нығаяды.

Сот жүйесіндегі әдеп нормаларын бұзу құқықтық мемлекет пен демократиялық қоғам үшін елеулі қатер төндіреді. Әдеп нормаларын сақтамау сот шешімдерінің әділдігіне күмән келтіреді, сот жүйесіне деген сенімнің төмендеуіне, сондай-ақ заңның үстемдігіне нұқсан келтіреді. Судьялар мен сот қызметкерлері заң бұзушылыққа немесе әдепке қарсы әрекеттерге барғанда, бұл олардың лауазымынан айырылуына немесе тіпті, қылмыстық жауапкершілікке тартылуына әкелуі мүмкін.

Сот жүйесінің әдеп нормалары – бұл тек кәсіби ережелер емес, ол қоғамның құқықтық жүйеге деген сенімін сақтауға, заң үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталған моральдық-адамгершілік құндылықтардың жиынтығы. Әдеп қағидаларының сақталуы сот жүйесінің тәуелсіздігі мен әділдігін қамтамасыз етіп қана қоймай, қоғамдағы құқықтық мәдениеттің дамуына да септігін тигізеді. Сондықтан, әрбір судьяның басты міндеті – әділ, тәуелсіз және жауапты болу, өз қызметін адал атқару.

• БАЗЫНА

Халықтың басты байлығы, баға жетпес қазынасы – ана тілі. Тіл – ұлттың жаны, халықтығының асыл белгісі, намысы, тыныс-тіршілігінің көзі. Ата Заңмен қорғалатын, еркіндігінің үні. Оны құрметтеп, қорғау, келешек ұрпаққа жеткізу – Қазақстанның бақытты да парасатты, білімді де еңбекқор ұл-қыздарымызға, біздерге ғасырлар бойы ата-бабаларымыздан жеткен аманат.

ЕРКІНДІК ҮНІ

Ана тіліне салғырт қарау – өз халқының өткеніне, бүгінгіне, болашағына немқұрайлы қарау деген сөз. Халық тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел ешқашан да егеменді ел бола алмайды, болуы да мүмкін емес. Бүгінгі таңда мемлекеттік тілді білу – мемлекеттік қызметкерлердің ең басты біліктілік талабына айнала бастады. Қазір мұндай талап қойылатын лауазымдар саны күн өткен сайын артып келеді.

Бүгінде сот жүйесінде іс жүргізу толық мемлекеттік тілге көшірілген. Сотта мемлекеттік органдармен хат алмасу тек мемлекеттік тілде жүргізіледі. Ал сот істері іс жүргізу тілінде сай қарастырылады.

Өзі тіліміздің мәртебесін көтеретін өзіміз. Алайда ұлты қазақ бола тұра мемлекеттік тілді білмейтін азаматтар қаншама. Қазақ ұлтының арасында тұратын өзге ұлттардың барлығы дерлік өз тілін біледі. Бірақ

қазақ жеріндегі қандас қазақтар ана тілін білмейді.

Тағы бір мәселе – мемлекеттік тілдің мемлекеттік органдардағы мәртебесі. Мемлекеттік тілдің мемлекеттік мекемедегі мәртебесіне, оның дамуына жауапты мемлекеттік органның басшысы. Бүгінде медицина саласында құжаттар, анықтамалар, медициналық қорытындылар екі тілде жазылуы керек болса да орыс тілінде жасалады. Яғни, термин сөздердің әлі аудармасы жоқ. Банктік келісімшарттар, басқа да келісімшарттар 90 % орыс тілінде жасалады. Мемлекеттік мекеме болмаса да қазақстандық акционерлік қоғамдар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің құжаттарын неге қазақша сөйлетпеске. Жобасы бір жасалса, жеткілікті ғой. Білікті мамандар да жоқ емес. Мемлекет тарапынан тілдің жетілуі үшін барлық жағдай жасалған. Облыс орталықтарында әр мемлекеттік мекемелер-



Нүргүл СМАҒҰЛОВА, Риддер қалалық сотының бас маманы, сот отырысының хатшысы

де қазақ тілін оқыту курстары бар. Өскелең ұрпақтың шамамен 80 % қазақ мектептерін тәмамдап жатыр. Ендеше ұлтымыздың мәртебесі, тіліміздің мәртебесі өз қолымызда!

Қорыта келгенде, мемлекеттік тілді ғылым мен техниканың түрлі саласына енгізіп, сапасын арттыру – уақыт талабы. Ал, уақыт талабын орындау баршамыздың абыройлы парызымыз.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

10. Туберкулез ошақтарында жүргізілетін дезинфекциялық іс-шаралар

Туберкулез – бактериялардан туындайтын жұқпалы ауру. Көп жағдайда туберкулез кезінде өкпе зақымданады.

Жұқтырудың негізгі көзі – туберкулездің ашық түрімен ауыратын, яғни, сыртқы ортаға микобактерияны бөлетін адам. Туберкулез науқас адамнан сау адамға жөтелгенде, түшкіргенде жұқтырады. Туберкулез қоздырғышының сыртқы ортада ұзақ уақыт сақталу қабілеті бар.

Науқас ауруханаға жатудан бас тартқан жағдайда, ошақты ағымдағы дезинфекциялауды науқастың өзі жүзеге асырады, МСАК ұйымы науқастарға пайдалануға тығыз жабылатын қақпағы бар қақырықты жинауға арналған контейнерлер (кемінде екі) және қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялау құралдарын береді. Үй-жайлар мен тұрмыстық заттар дезинфекциялау

құралдарын пайдалана отырып, күн сайын ылғалды тазаланады. Пайдаланылған асхана ыдыстарын, алдына ала жумай бөлек ыдыстарда зарарсыздандырады, содан кейін жуады және кептіреді. Тамақ қалдықтарын ыдысқа (шелек, бак) жинап, 1:5 қатынасында құрғақ дезинфекциялау құралы себіледі.

Науқас ауруханаға жатқызылғаннан кейін, немесе үйде қайтыс болғанда, тұрғылықты мекенжайы өзгергенде, көшкеннен кейін, қорытынды дезинфекциялауды «Ұлтық сараптама орталығының» филиалдары жүзеге асырады.

Туберкулездің алдын алу шараларының бірі: салауатты өмір салты, жеке гигиена ережелерін қатаң сақтау.

ҚР ДСМ СЭБК «ҮСО» ШЖҚ РМК «Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы» филиалының эпидемиолог көмекшісі Г.Т.БАЙМБЕТОВА

• ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

СОТ ПРАКТИКАСЫ ЗЕРДЕЛЕНДІ

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьялары А.Абдуллина, А.Абилгазина Ұлттық кәсіпкерлер палатасында адвокаттардың, заң консультанттары мен бизнес қауымдастығы өкілдерінің қатысуымен «Кассациялық соттардың құрылуы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

Өз сөздерінде судьялар 2025 жылғы 1 шілдеден бастап қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша кассациялық соттардың құрылатынын атап өтті. Кассациялық сотта мамандандырылған құрамдар құрылуы мүмкін.

Кассациялық сот – сот істері мен материалдарын кассациялық сатыдағы сот ретінде қарайды, сот практикасын зерделейді және оны жинақтау қорытындылары бойынша төмен тұрған сот сатыларының сот төрелігін іске асыруы кезінде заңдылықтың сақталу мәселелерін бақылайды, заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Реформаның мақсаты – әр сот сатысының тиімділігін арттыру. Сот төрелігін іске асыру сапасы мен азаматтардың сот жүйесіне деген сенім деңгейін арттыру болып табылады.

Дөңгелек үстел қатысушылары сот жүйесін реформалау шаралары бойынша өз пікірлерімен бөлісті.

Анар ШЕКЕНОВА,
Ақтөбе облысы мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік сотының бас маманы

• НӘТИЖЕ

Шымкенттің су арнасы шетелдіктердің таңданысын тудырып отыр. «Су ресурстары маркетинг» ЖШС-інің су саласына ендірілген жаңа технологиялары да талай мәселенің түйінін тарқатқан. Жаңа жобалармен Ұлыбританияның Мәртебелі елшісі Кэтти Лич танысты.

СУ АРНАСЫ ШЕТЕЛДІКТЕРДІҢ ТАҢДАНЫСЫН ТУДЫРДЫ



«Су ресурстары маркетинг» ЖШС-і мегаполисті сапалы ауызсумен қамтып отырған жетекші мекеме.

Ағылшындық Ydro Process жағымсыз иісті жойып қана қоймай, шайынды судағы

тұнбаны 80 пайызға азайтты.

«Су ресурстары маркетинг» ЖШС-нің директоры Анарбек Орманның айтуынша, заманауи жүйе ТМД елдерінде алғаш рет Шымкентте орнатылған. Жаңа

жоба қала тұрғындарын қолаңса иістен құтқарды. Бастама су құбырларын 10 км қашықтықтан бастап тазартуға қауқарлы. «Су ресурстары маркетинг» ЖШС-нің бастамасымен қолға алынған жаңашылдық талайдың таңданысын тудырып отыр.

Бұл пікірді Ұлыбритания-

мекеме де мемлекетке алақан жаймайтын, өзін өзі қаржыландырып әрі халықтың сұранысын қанағаттандырып отыр. Мен мұндай жүйені бірінші рет көрдім. Бұл көп елдерге үлгі боларлық. Тәжірибе алмасып, осы кісілерден үйрену жұмыстарын қолға алу керек деп ойлаймын» деді Ұлыбританияның мәртебелі елшісі.

Мекеменің тәжірибесі тек еліміздің ғана емес, өзге мемлекеттердің су арналарына үлгі. Табиғатқа да, тұрғындарға да



ның мәртебелі елшісі Кэтти Лич те қуаттады. «Көптеген елдерде осындай жұмыстарды жүйелі атқарып отырған компанияларға ешқандай қысым көрсетілмейді. Қиындық туындаса, колтықтан демеп отырады. Сондықтан бұл

оң ықпал ететін жобамен толық танысуға қытайлықтар да қызығушылық танытып, мекемеге бірнеше рет келген.

Раушан НАРБЕК
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

ЖАРНАМА

Баспасөз – 2025

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,
заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

ӘРІСТІ

3. Қостанай қалалық сотында 2024 жылы 15 қарашада Қостанай қаласы, Тепличный комбинат, 31-үй, 19-пәтер мекенжайында тұратын Почесная Нателла Махмудовнаның, 20.01.1961 жылы туған азамат Почесный Александр Владимировичті қайтыс болды деп жариялау туралы арызды бойынша азаматтық іс қозғалды. Жарияланған күннен бастап үш ай ішінде азамат Почесный Александр Владимирович туралы мәлімет білетін тұлғаларға сотқа хабарлауы сұралады. Сот мекенжайы: Қостанай қаласы, Победа көшесі, 72, телефоны: 8(7142)57-44-31, 8(7142)57-47-99, электрондық пошта: 100203@sud.kz.

18. Алматы қаласы, Жетісу аудандық сотының өндірісіне 12.08.1944 ж.т. азамат Баранова Галина Петровнаң қайтыс болғаны туралы арыз түсті. Баранова Г.П. соңғы мекенжайы: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Станиславский көшесі 106А. Баранова Г.П. 04.02.2016 жылдан бері хабарсыз кеткен. Сотқа жүгінген азамат Прохорова Алена Игоревна 26.08.1988 ж.т., мекенжайы: Ресей Федерациясы, Калуга қаласы, Тарутинская көшесі 176, 1-пәтер. Егер сізге Баранова Галина Петровнаң туралы жері туралы ақпарат белгілі болса, жарияланған күннен бастап, үш ай ішінде сотқа хабарлауыңызды сұраймыз.

7. Кәметекте толмағандардың істері жөніндегі Қостанай облыстық мамандандырылған ауданаралық соты Микаелова Ирина Александровнаның арызы бойынша Қостанай облысының тумасы, бұған дейін Қостанай қаласы, Ю. Журавлева көшесі, 55 мекенжайында тұрған, азамат Карепин Владимир Дмитриевичті, 1951 жылдың 3 ақпанында туған, қайтыс болды деп жариялау туралы азаматтық іс қозғалды. Карепин Владимир Дмитриевичтің қайда екендігі туралы ақпарат білетін тұлғалардан осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 3 ай ішінде Қостанай облыстық кәметекте толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотына хабарласуды сұраймыз. Соттың мекенжайы: Қостанай қаласы, Пушкин көшесі, 100/1-үй, телефон: 8-7142-99-98-56.

8. «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 14 қазандағы № 847 қаулысының негізінде «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Маңғыстау облысының төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесі БСН: 901240000067, оған «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесін БСН: 141140010596, «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Маңғыстау облысы төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Ақтау қаласы)» республикалық мемлекеттік мекемесін БСН: 240240025070 және «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Маңғыстау облысы төтенше жағдайлар департаментінің жедел-құтқару жасағы (Ақтау қаласы)» республикалық мемлекеттік мекемесін БСН: 240240028075 қосу жолымен қайта ұйымдастыру жүргізілуде. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде Қазақстан Республикасы Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 24 шағын аудан, 6 ғимарат мекенжайы бойынша қабылданады. тел.: Кеңес: +7 (7292) 701-706, +7(771) 1097170. Жоспарлау және басқару орталығы: 112, +7(7292)701701 31-90-99, 31-90-00

9. Тарақандарға қарсы дезинсекциялық іс шаралар Тарақандарға қарсы дезинсекция – бұл тарақандарды жою және олардың қайта пайда болуын алдын алу мақсатында шаралар жиынтығы. Мұндай шаралар әдетте арнайы инсектицид құралдарды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Дезинсекция іс-шараларын өткізудің негізгі қадамдары: 1. Алдын ала дайындық: Үйдің немесе мекеменің ішіндегі азық-түліктерді, ыдыс аяқтарды, тұрмыстық заттарды және басқа да заттарды қорғау үшін оларды жабу немесе басқа жерге қою керек. Бұл химиялық заттардың зиян келтірмеуіне мүмкіндік береді. 2. Инсектицид таңдау: Тарақандарға қарсы арнайы дайындалған инсектицидтерді қолдану ұсынылады. Бұл құралдарды аэрозоль, сұйық ертінді немесе гель түрінде порошок түрінде қолдануға болады. Пайдаланылған құралдардың құрамында тарақандарға зиян келтіретін және адамға қауіпсіз болуы маңызды. 3. Қолдану әдісі: Инсектицидті таракандардың мекендейтін жерлеріне жағу керек, ас үйдегі шкафтар, кофас жәшігі, су мен азық түліктің сақталатын орындары, және жылы әрі ылғалды жерлер, ерітіндіні осы жерлерге жағу немесе себу арқылы тарақандардың қайтып келуін болдырмауға көмектеседі. 4. Жұмыстың кейінгі қауіпсіздік: Инсектицидті қолданғаннан кейін, өңделген жерлерді тазалауға асықпаңыз, инсектицид 24 сағат ішінде әсер етуі керек. Осы уақыт өткеннен кейін, бөлмелерді жақсылап желдетіп, тазалық жұмыстарын жүргізуге болады. 5. Алдын алу шаралары: Дезинсекциядан кейін тарақандардың қайта пайда болуын болдырмау үшін бөлменің тазалығын сақтау керек, азық-түліктерді тығыз жабылған контейнерлерде сақтау, қоқысты уақтылы шығару және төтегін құбырларды тексеру керек.

ҚР ДСМ СЭБҚ «ҰСО» ШЕЖҚ РМҚ Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы филиалының индженері көмекшісі Қ.Т. МЕЛДЕХАНОВА

16. «Интеллект Коммерц» ЖШС (БСН 040540007983) жарғылық капиталдың 608 819 922,00 теңгеге азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Қаратаев көшесі, 38А үй, 43-пәтер. Тел.+7 707 352 75 97.

МҰРАҒЕРЛІК

4. 2024 жылдың 20 маусымында қайтыс болған Еспусинова Унай Тасмухановнаның артынан Атырау нотариалдық аймағының нотариусы Камзағалиева Роза Тлеккабыловнада мұрагерлік іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мұраны қабылдау үшін төмендегі мекенжайға хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Атырау қаласы, Мұса Баймұханов көшесі, 41а үй, 16 тұрғын емес бөлмесі, тел. 50-44-68, 8701222 7274.

11. 2024 жылдың 17 мамырында қайтыс болған Мұстапаев Сапарқали Итемгенұлының артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер, нотариус Ғ.А. Шар-

дарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат. Тел. 87022334499.

12. 2024 жылдың 20 мамырында қайтыс болған Маймақова Жансая Есенжолқызының артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер, нотариус Ғ.А. Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат. Тел. 87022334499.

ТАРАТЫ

2. «Айбек-төрт түлік» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 190540010993) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Қараспан а/о, Қараспан ауылы, Б.Шылмырзаев көшесі, 69-үй, пошта индексі 160600.

5. «MunaiInfoCom» ЖШС (БСН 231240024152) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 6-өндірістік аймақ, 12-ғимарат, индекс 130000, тел. 8776-544-10-48.

6. «A-ProjectGroup» ЖШС (БСН 070740010173) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 17 шағын ауданы, 26-үй, 10-тұрғын емес бөлмесі, индекс 130000, тел. 8776-544-10-48.

13. «Bagian-nesie Lombard» ЖШС (БСН 240240022600) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: 160932, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Құркелес ауылдық округі, Келес ауылы, Шапағат көшесі, 42-үй, тел. 87051611817.

14. «Алпюр логистикс» ЖШС (БСН 151040006893) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Достық даңғылы, 240-үй, 404-кеңсе.

15. «Қазақстан Республикасы мәдениет қызметкерлері кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің Ленгер қалалық ұйымы филиалы», БСН 980141021162», ҚР, Түркістан облысы, Төле би ауданы, Ленгер қаласы, Вахрушева көшесі, 54. «Қазақстан Республикасы мәдениет қызметкерлері кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің Ленгер қалалық ұйымы филиалының жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Төле би ауданы, Ленгер қаласы, Төле би көшесі, 113А. Тел. 8 771 381 20 91.

БАШҚАРАТТЫҚ

17. Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылғы 14 қарашадағы ұйғарымымен «Мирный» (БСН 961240009041) пәтерлер мен тұрғын емес үй-жайлар иелерінің кооперативін банкрот деп тану туралы азаматтық іс қозғалды. Тел. бойынша анықтамалар: +7 701 241 1300.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

Е-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. Е-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупная көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС «РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. Е-mail: pazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8090704.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отан» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 28-үй, 1-қабат, 26-45-89, ұялы тел: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибоева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

• БАЙҚАУҒА!

(Соңы. Басы өткен №84–88 сандарда)

Осы ақпаратты білгеннен кейін Азамат Кидирсихов 2017 жылдың мамырында 2016 жылдың ортасында қайтыс болған үш адамның мәйітін эксгумациялап, сараптамаға жібереді. Сот-медициналық сараптаманың қорытындысы бойынша адамның неден қайтыс болғаны, қашан қайтыс болғаны анықталмаса да, адам ағзасында кездеспейтін химиялық элементтер табылған.

Жамболаттықтар

Ол тұншығып оянды. Көзін ашайын десе аша алмады, қолын қимылдатайын десе қимылдата алмады. Үстін ауыр тас басып жатқандай. Есіне еміс-еміс бірдеңе түскендей болып, жантала-сып, бар күшін жинап қолымен жұмсақ топырақты қаза бастады. Құдайға шүкір, тереңге көмбепті. Екі қолын сопаң еткізіп шығарып алды да, бетін аршыды. Мұрнын ашып, ауа жұтып біраз жатты. Сол жақ кеуде тұсы тыз-з-з ете түсті. Көз алдына өзбек беттің пышақ сұққаны келе қалды. Тез-тез бетін, кеудесін аршып, сол жақ кеудесін басып, бір қырына қисайып отырды. Дала қап-қараңғы. Қаланың шеті екені анық. Жалма-жан орнынан тұрды. Орға итеріп жіберіп, үстін құммен бастырып кеткен екен. Ордан еңбектеп шықты. Қаланың жарығы көрінген жаққа қарай еңбектей берді. Бір кезде жолға жетті. Аяғына тұра алмады. Жол шетіне дейін еңбектеп барып өткен-кеткен көлікке бір қолын көтеріп еді ешқайсысы тоқтамады. Ешкімнің тоқтамайтынын білгеннен кейін алыстан көлік жарығы көрінгенде бар күшін жиып, орнынан тұрды да, тәлтіректеп жол ортасына шықты. Көлік жақындап келіп тоқтады. Одан аргысы есінде жоқ. Көзін ашса ауруханада жатыр екен. Ес жиганын көрген дәрігер:

- Қалай жағдайыңыз? – деп сұрады.
- Жақсы сияқты.
- Бұл жерге қалай келгеніңізді білесіз бе?
- Білемін.
- Аты-жөніңіз кім?
- Аты-жөнімді де, не болғанын да, бәрін білемін. Тезірек полиция шақырыңыз.
- Қазір шақырамыз, – деді.

– Менің атым Вячеслав. Журналистпін. 9 сәуірде Виталиймен бірге Zi-zі кафесіне бардым. Әйелі Бибігүл шкафымды жөндеп бер деген екен. Барсақ күштілеп дастарқан жайып қойыпты. Отырдық. Мен ішпеймін, бірақ Виталий ішті. Бибігүл де ішті. Бибігүл сол кафеде әкімші болып жұмыс істейді. Виталий мас болып қалған соң шкафты жөндемей-ақ қайтайық деп жиналдык. Көрші үстелде үш жігіт отырған. Біз шығып бара жатқанда сол үш жігіт атып тұрып, қасымызға жетіп келді. Виталийдің оларға не дегенін естімей қалдым, тек Виталийді ұрып құлатқанын көрдім. Бибігүлдің қайда кетіп қалғанын білмеймін. Әй, бұларың не дей бергенім сол еді, сол жақ кеудем тыз-з-з-з ете түсті. Қарасам қан ағып жатыр. Пышақ сұғып алыпты. Содан кафенің артқы есігіне қарай сүйрей жөнелді. Жолдың бәрі қан. Виталий екеумізді екі шетелдің көлігіне салып алып, бір жаққа алып кетті. Жолда есімнен адасып қалдым. Бірақ екі адамның екі қолынан сүйреп көліктен түсіргені есімде. Сол кезде сол жақ кеуде тұсымдағы пышақты көрдім. Шодырайып тұрды. Одан әрі есімде жоқ, тек тұншығып оянганда ес жидым.

- Бибігүлмен жақын араласып па едіңіз?
- Жок. Танысқаным сол еді.
- Виталиймен жиі кездесіп тұрмайсыз ба?
- Жиі кездесіп тұрамыз. Тек Бибігүлмен тұра бастағанына көп болған жоқ.
- Олар қалай танысқан? Білесіз бе?
- Виталий аула сыпырып жүріп танысыпты.
- Содан бірге тұрған ба?
- Иә, өмірі үйленбеген адам. Әке-ше-

шесі қайтыс болғаннан кейін біраз жыл жалғыз тұрды. Сол күні үйіне барғанымда Виталий Бибігүлмен бірге тұрып жатқанын айтты. Бибігүл жап-жас келіншек екен. Виталийді шын ұнататынына күдіктеніп, қалай таныстындар деп сұрадым. Журналистік куәлігімді көрсетіп, досымды ренжітуші болма деп ескерттім. Сонда Бибігүл Zi-zі кафесінде жұмыс істеймін, бір күні жақын танысармыз деді. Ертесіне Виталий Бибігүлдің шкафын жөндеп берейік деп шақырды.

- Түсінікті, – деді тергеуші.
- Әлгі үш жігітті бұрын-соңды еш жерден көрген жоқсыз ба?
- Көрген жоқпын.
- Түрлері есіңізде жоқ па?
- Жок. Түріне қарап үлгермедім. Бәрі аяқ асты болып кетті.
- Көлік нөмірін де көрген жоқсыз.
- Оны да көрген жоқпын.
- Жақсы. Демалыңыз. Сауығып кетіңіз, – деді Бостандық аудандық ІІБ келген тергеуші Азамат Кидирсихов.

Суржикованың ісі

- Қалаға келіп, жалға тұратын пәтер іздеп жүрмін.
- Пәтер іздеме, біздің Маратқа алып қойған екі бөлмелі пәтеріміз бар. Соған тұр. Жылу, су, жарықтың ақысын төлеп тұрсаң болды.
- Маратикке пәтер алып қойған екенсің ғой. Мықтысын. Дұрыс, баланың болашағын ойлау керек. Ой, сен құтқардың мені.
- Қазір машинамен зу-у-у етіп барып кілтін алайық та, үйді көрсетейін.
- Жолдас ештеңе демей ме?
- Ештеңе демейді, оған кейін айтамын.
- Жақсы, әйтеуір мен үшін ұрсысып қалмасандар болды.
- Ой, жоқ, ол үшін ұрыспаймыз. Онысыз да үй бос тұр.
- Екеуі үйден барып кілтті алды.
- Ал, піссімiллә, міне, енді осы үйде тұрасың, – деп аттады Жанар баласына алып қойған үйдің табалдырығын.
- Артынан Наталья кірді. Үйді айнала

ҚАРА НОТАРИУС

(Деректі детектив)



- Виталий аман ба?
- Ол қайтыс болып кетті.
- ...

Вячеслав куәлік бергеннен кейін Zi-zі кафесіне және Бибігүлдің соңына анду қойды. Әсіресе, Бибігүлмен жиі-жиі араласатын адамдарды аңдыды. Онтүстік Қазақстан облысының азаматы А.Сандазим, Өзбекстан азаматы К.Юнус, алматылық Ж.Саламат пен Г.Сраждиннің үнемі бас қосып, бір істі талқылайтынын анықтады. Бесеуін де бір күнде ұстады. Бесеуін бір-бірімен кездестірмей бөлек-бөлек қамап тергеуге алды.

Ж.Саламат: «Zi-zі кафесін Г.Сраждин жалға алған. Бәріміз бірге жұмыс істедік. Г.Сраждин екеуміздің жасымыз отызға келіп қалды. Ай сайын тапқан табысымыз ештеңеге жетпеді. Жақсы өмір сүргіміз келді. Ол үшін ақшаны қайдан аламыз деп ойладық. Ұзақ ойлас-тырып, соңында үйі бар жалғызбасты қарт кісілерді тауып, өлтіріп, үйін сатып ақша жасайық деп шештік. Бірақ ондай кісілерді қайдан табамыз деген сұрақ туды. Осы кафеге тұрақты түрде келіп тұратын бір адам бар еді. Өзімен жақсы сөйлесіп кеттік. ІІБ жұмыс істейтінін де білеміз. Аты – Жамболат. Бір күні Жамболатқа ойымызды айттық. Ол да келісті. Ол бізге жалғызбасты адамдардың адресін беріп отырды, қалған шаруаны біз бітірдік. Жалғызбасты адамның сеніміне кіріп, достасамыз да, өзін өлтіріп, үйін сатып жібереміз, – деді.

Қалғандары да осы секілді жауап берді.

шолып шықты. Әп-әдемі, жап-жана үй. Көптен ешкім тұрмағаны көрініп тұр. Жанар бірден терезелерді ашып тастады. Үйге таза ауа кіріп, тымырсық ауадан түк қалмады.

- Көрпе-төсек жоқ енді. Алған күні бір рет келдік, содан бері жабық тұр. Суы, жылуы, жарығы бәрі подъезден қосылады. Жүр, қосып келейік, – деп екеуі подъезге шығып қаптап тұрған есіктерді ашып шетінен қосып шықты. Сол сәт Жанардың телефоны шырылдады да:
- Жолдас звондап жатыр, – деп телефонның көтерді.
- Иә-иә, ұмытқан жоқпын. Группаласым Суржикова Наталья келіп, кездесіп, шай ішіп келе жатыр едім. Қазір барамын, – деп трубканы қойды.
- Кешке қонаққа баратын едік.
- Е-е-е, онда жолыннан қалма, жүгір. Мен өзім орналасып аламын.

Көптен кездеспеген достар бір-бірін құшақтай қимай қоштасты.

Натальяның көптен араласатын бір-екі досы бар еді. Оның қалада тұрып жатқанын естіп, сол достары қонаққа келді. Үйге кіргеннен-ақ бір досы:

- О, қандай тамаша үй! – деп қызықты. Екі бөлмені де қарап шықты.
- Кімнің үйі дедің, – деп қайта сұрады.
- Группалас қыздың баласына алып қойған үйі. Уақытша тұр деп берді.
- Үйін беріп жүрген группаласың мықты екен. Шамасы өте жақын дос болғансыңдар-ау.
- Иә, студенттік кезде бірге жүрдік.

- Бай әйел сияқты.
- Бай.
- Маған бір ой келді. Өз үйіңнің болғанын қалайсың ба? – деп сұрады.
- Кім өз үйі болғанын қаламайды дейсің?
- Онда тыңда. Мына үйді сатып жіберейік.
- Мына үйді?! Қой, жыңдысың ба? Біреудің үйін сатқаны несі?!
- Досың түк білмей қалады. Бұл үйді біреуге сатамыз да, одан қайта сатып аламыз.
- Түк түсінсем бұйырмасын.
- Натальяға мына ой ұнап кетті. «Ең бастысы ол ештеңе білмесе болды» деп ойлады.
- Бұл үйдің құжаты кімде?
- Өздерінде. Оны маған бермейді ғой.
- Көшірмесі жоқ па?
- Жок.
- Жарайды, үйдің адресімен-ақ анықтап аламыз. Жеке куәлігі де жоқ шығар.

- Жок қой, менде қайдан болады?
- Жарайды. Құжатын қай нотариуске жасатсақ екен. Л.Димашеваны соттап жіберді. Тоғасбаеваны тергеп жатыр. Өнебір нотариусті де жауып тастады.
- ...Ақыры олар бір нотариусты тапты...

Қылмыскер деген кім?

Адам жайдан-жай қылмысқа бармайды. Егер ұры «қарным ашқаннан» ұрлық істедім десе, оны аяудың қажеті жоқ. Себебі ол – өзіндік ұстанымы жоқ адам. Оған мандай терін төгіп жұмыс істегеннен, біреудің затын ұрлап алған оңай. Бараев, Вешняковалар осы санатқа жатады. Ешкімді аямайды, біреу еңбек етіп тапты ма, онда шаруасы жоқ. Олар үшін ұрлық та еңбек.

Адам жайдан-жай қылмыстың құрбаны болмайды. «Ұрлық істеуге мүмкіндік бар жерде ұры пайда болады». Осы оқиғада кімдер құрбан болды? Негізінен араққа салынған адамдар. Әрине, жалғызбасты қариялар да бар. Олар да дұрыс өмір сүрмеді, балаға дұрыс тәрбие бермеді. Өздері араққа салынбаса да, балалары араққа салынды. Қылмыскерлердің бәрі көп балалы қазақ отбасыларына жолай алмады. Себебі іздеушісі бар деп қорықты.

...14 шілде, жұма күні Азамат Кидирсихов еңбек демалысын аламын деп, рапортқа қол қойдырып жүрді. Дәл сол күні Бостандық аудандық ІІБ-не Суржикова мен оның жолдасы Ковалевті алып келді.

Егер Суржикованы жас тергеуші, аға лейтенант Асылбек Ержанов емес, Азамат Кидирсихов тергесе, сол күні-ақ істің мән-жайы ашылар еді. Бірақ тергеуді Азамат емес, Асылбек Ержановқа берді.

Азамат Кидирсихов ЮРУБОП-қа 17 шілде, яғни дүйсенбі күні барды. Сол күні Суржиковамен танысты, бірақ оны тергеуге шақырмады. Тек тергеуші екенін айтты. Суржикова антикорға «Азамат Кидирсихов менен ақша бопсалады» деп арыз жазып, арызды тергел-тексермей-ақ еңбек демалысында жүрген Азамат Кидирсиховты қамады.

Сотқа дейінгі тергеу барысында Азамат Кидирсихов айғақ беруден бас тартты. Себебі оны тергейтіндей ешқандай дәлел жоқ. Ақша алып тұрған жерінен ұстап алған жоқ. Үйін тінткенде де ақша тапқан жоқ.

...Әлде Суржикованы арыз жазуға біреу итермеледі ме?

Сол кезде Алматыда құрылған Жедел тергеу тобы мен ЮРУБОП жұрттың назарында болды. Антикор мен комитет мүшелері де көз тікті. Антикор Жедел тергеу тобымен жақсылап айналысу үшін нақты біреу арыз жазуы керек. Бірақ Антикорға Азамат Кидирсихов

керек емес... Антикорға Суржиковаға тергеу процессуалды келісім жасауға уәде берген адам керек. Өйткені Кидирсиховты ұстағанда:

- Жедел тергеу тобының басшысы С.Құдабаевқа, жедел уәкіл Мордвиновқа, процессуалды іс жүргізетін прокурор Арслан Томарбаевқа қарсы куәлік ет, – деп айтты. Азамат Кидирсихов:
- Куәлік ете алмаймын, – деді...

- Азамат Кидирсихов, сізбен кездесуге бір адам келіп тұр.
- Ол орнынан асықпай тұрды. Түрменің ұзын залымен жүріп келе жатыр. Артында түрме күзетшісі. «Кім келіп тұр екен?» деп ойлады.
- Кездесу бөлмесіне кіргенде бір адам отырды. Кешкі уақыт болса да бөлменің жарығы жағылмапты. Алғаш үстел басында отырған адамды танымаса да, отырғаннан кейін таныды.
- Ассалаумағалейкүм, Аэзек!
- Уағалейкүмассалам!
- Қысқаша айтайын.
- Ол басын ізеді.
- Антикорға қерегі сен емес екен.
- ...
- Антикорға Сұлтан Құдабаев керек болыпты. ЮРУБОП-тың басшысын да ұстағысы келіпті.
- ...
- Біліп отырсыз, процессуалдық келісім жасаймыз деп ақша бопсалады деген айыппен.
- ...
- Себебі, кезінде ДНБПК-ның Алматы қаласы бойынша жедел басқармасының бастығы Максат Қуандықов бір кездері ЮРУБОП бастығы Қалыби Қасымның орынбасары болған, алайда бір әрекеті үшін Қалыби Қасым оған жұмыс іздей бер деп ескерткен. Максат Қуандықов Алматыдағы Антикордың жедел басқармасының бастығы болғаннан кейін қолайлы сәтті «күткен», дәлірек айтсақ, күтіп отырмаған іздеген. Суржикованы арыз жазуға итермелеген сол болуы мүмкін: мұны тек Суржикова біледі.
- Суржикова сотта мені ақша бопсаламады деп ашық айтты, бірақ оны ешкім тыңдамады. Ал Мордвинов оны тексеру үшін Алматыдағы ДКНБ-ға өтініш жазды. Алайда жауап әлі жоқ.
- Осы арыздан кейін Қуандықов жұмысын ауыстырып кетті. Ал С.Құдабаев жедел тергеу тобын басқарғанға дейін де республиканың басқа аймақтарындағы тергеу топтарын басқарған. Сол жерде Антикордың көзіне түскен. Бірақ оны қалай сүйрелесе де, айыптайтын айғақ таба алмаған.
- Бірақ бізді белден басып соттап жіберді. Суржикова кім ақша бопсалағанын айтып берді, арасында менің аты-жөнім жоқ.
- С.Құдабаев осы іс бойынша куәгер. Тергеу оған ешқандай айып таға алмады. Алайда ол сотқа келмеді. Айғақ бермеді. Ал сот қылмыстық іс жүргізу кодексінің нормаларын бұза отырып, оның алдын ала тергеу кезінде берген айғақтарын оқыды. Дегенмен, заң бойынша адамның сотқа келмеу себебі болады. Сол кезде ғана оның алдын ала берген айғағын жариялайды. Ал ол себепсізден себепсіз сотқа келмеді.
- Куәгер В.Ковалев те келмеді. Неге келмеді?
- Егер екеуі сотқа келсе, іс жоспарланбаған сценарий бойынша кетеді. Өйткені куәгер В.Ковалевтің сөзіне сенсек, ол Жедел тергеу тобының басшысы С.Құдабаев пен жедел уәкіл Мордвиновпен ақша туралы тікелей сөйлескен. Содан кейін жедел уәкіл Мордвинов Суржиковадан ақша талап еткен.
- Антикор істің құйрығын шолтаң еткізіп кесе салды. Істі шикі күйінде сотқа жіберді. Оның артында тұрған адам тағдырына қарамады. Қалалық прокуратура да қолын сілтей салды.
- Антикордағылар да солай деп отыр.
- Осыны ашық айта аласың ба?
- Оны да айтатын кез келеді.
- Сол кезде мені заңсыз ұстағаны, тексеріп-тергемей айыптағаны үшін жауап бере ме?
- Біздің құқық қорғау жүйесінің бір ерекшелігі – олар ешқашан өздерінің қатесін мойындамайды.

Әдина ӘБДІБАЙҚЫЗЫ

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы Нұрбол Әлдібаев
облысы 8 701 357 66 84.
Ақтөбе Жансая Есмағанбетова
облысы 8 705 398 62 83.
Атырау Боранбай Ғалиев
облысы 8 775 543 03 80.
Маңғыстау Жазира Әбіл
облысы 8 702 514 54 44.
Қызылорда Гүлбану Мақажан
облысы 8 701 697 39 86.
Түркістан Сейітхан Құлмаханбетов
облысы 8 707 721 19 59.
Шадирай Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Нұрлыбек
Қазақстан Рахманов
облысы 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5071 дана
Апталық таралым 10 142 дана

Тапсырыс №105 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31